

ISSN (Print) 2616-6887  
ISSN (Online) 2617-605X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

**ВЕСТНИК**

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**BULLETIN**

of L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

**САЯСИ ҒЫЛЫМДАР. АЙМАҚТАНУ.**

**ШЫҒЫСТАНУ. ТҮРКІТАНУ** сериясы

**POLITICAL SCIENCE. REGIONAL STUDIES.**

**ORIENTAL STUDIES. TURKOLOGY Series**

Серия **ПОЛИТИЧЕСКИЕ НАУКИ. РЕГИОНОВЕДЕНИЕ.**

**ВОСТОКОВЕДЕНИЕ. ТЮРКОЛОГИЯ**

**№ 3(132)/2020**

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2020

Nur-Sultan, 2020

Нур-Султан, 2020

Бас редакторы: **Нуртазина Р.А.**  
с.з.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (саяси ғылымдар)

Бас редактордың орынбасары

**Нечаева Е.Л.**, с.з.к., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ,  
Қазақстан (саяси ғылымдар)

Бас редактордың орынбасары

**Ахметжанова Л.К.**, т.з.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ,  
Қазақстан (халықаралық қатынастар)

***Редакция алқасы***

<b>Абжапарова Б.Ж.</b>	т.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (шығыстану)
<b>Авдеева О.А.</b>	с.ғ.д., доцент, Лойола университеті, Чикаго, АҚШ (саяси ғылымдар)
<b>Азмуханова А.М.</b>	т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (халықаралық қатынастар)
<b>Әбдуалиұлы Б.</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (түркітану)
<b>Әлібекұлы А.</b>	ф.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (шығыстану)
<b>Әлиева С.К.</b>	т.ғ.к., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (халықаралық қатынастар)
<b>Барсуков А.М.</b>	с.ғ.к., доцент, Сібір басқару институты, ХШЖМҚРА филиалы (саяси ғылымдар)
<b>Бирюков С.В.</b>	с.ғ.д., проф., Кемерово мемлекеттік университеті, Кемерово, Ресей (саяси ғылымдар)
<b>Габдулина Б.А.</b>	т.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (саяси ғылымдар)
<b>Дәркенов К.Г.</b>	т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (аймақтану)
<b>Дүйсембекова М.К.</b>	с.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (саяси ғылымдар)
<b>Жолдыбалина А.С.</b>	PhD, доцент, Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (саяси ғылымдар)
<b>Жолдасбекова А.Н.</b>	с.ғ.к., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (халықаралық қатынастар)
<b>Зимони Иштван</b>	проф., Сегед университеті, Сегед, Венгрия (түркітану)
<b>Ибраев Ш.</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (түркітану)
<b>Ирфан Шахзад</b>	PhD, Саяси зерттеулер институты, Исламабад, Пакистан (халықаралық қатынастар)
<b>Каиржанов А.К.</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (түркітану)
<b>Кайыркен Т.З.</b>	т.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (шығыстану)
<b>Кожирова С.Б.</b>	с.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (саяси ғылымдар)
<b>Конкобаев К.</b>	ф.ғ.к., проф., Түркі академиясы халықаралық үйімі, Нұр-Сұлтан (түркітану)
<b>Копежанова Д.Е.</b>	PhD, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (саяси ғылымдар)
<b>Ланко Д. А.</b>	с.ғ.к., доцент, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Санкт-Петербург, Ресей (саяси ғылымдар)
<b>Ласлу Марац</b>	PhD, проф., Амстердам университеті, Амстердам, Нидерланды (халықаралық қатынастар)
<b>Мандана Тишеяр</b>	PhD, Алламе Табatabai университеті, Тегеран, Иран (халықаралық қатынастар)
<b>Невская И.А.</b>	ф.ғ.к., проф., Гете атындағы университет, Франкфурт-на-Майне, Германия (түркітану)
<b>Нұрбаев Ж.Е.</b>	т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (аймақтану)
<b>Оспанова А.Н.</b>	PhD, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (аймақтану)
<b>Пунит Гаур</b>	PhD, проф., Нью-Дели университеті, Нью-Дели, Индия (аймақтану)
<b>Пауло Ботта</b>	PhD, проф., Ла-Плата ұлттық университеті, Ла-Плата, Аргентина (саяси ғылымдар)
<b>Рыстина И.С.</b>	PhD, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (саяси ғылымдар)
<b>Сеййт Али Авдужу</b>	PhD, Йылдырыма Беязит университеті, Анкара, Турция (аймақтану)
<b>Сомжүрек Б.Ж.</b>	т.ғ.к., доцент, Astana International University, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (халықаралық қатынастар)
<b>Тәштемханова Р.М.</b>	т.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (аймақтану)
<b>Шаймердинова Н.Г.</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (түркітану)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Сәтпаев к-сі, 2, 402 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-432)

E-mail: vest\_polit@enu.kz, web-site:<http://bulpolit.enu.kz>

Жауапты хатыны: А.М. Сәрсенбекова

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. САЯСИ ҒЫЛЫМДАР. АЙМАҚТАНУ. ШЫҒЫСТАНУ. ТҮРКІТАҢУ сериясы**

**Менишікtenенуші:** «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» KEAK  
Қазақстан Республикасының Акпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркелген. 25.05.18 ж. № 17125-Ж -тіркеу

куәлігі Басуга 16.09.2020 ж. қол қойылды

Ашық қолданудағы электрондық нұсқа: <http://bulpolit.enu.kz> Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 6 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31-432)

Editor-in-Chief: **Roza Nurtazina**  
*Doctor of Political Sciences, Prof., L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (political science)*

Deputy Editor-in-Chief: **Yelena Nechayeva**, *Can. of Political Sci., Prof., L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (political science)*  
Deputy Editor-in-Chief: **Leila Akhmetzhanova**, *Can. of Historical Sci., Assoc.Prof., L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (international relations)*

*Editorial board*

<b>Bekzhan Abdualiuly</b>	Doctor of Philology, Prof., L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (turkology)
<b>Bibikhadisha Abzhapparova</b>	Doctor of Historical Sci., L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (oriental studies)
<b>Aiman Azmukhanova</b>	Can. of Historical Sci., L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (international relations)
<b>Akzhigit Alibekuly</b>	Can. of Philology, Assoc.Prof., L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (oriental studies)
<b>Saule Aliyeva</b>	Can. of Historical Sci., Prof., L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (international relations)
<b>Ol'ga Avdeeva</b>	Doctor of Political Sci., Assoc.Prof., Loyola University, Chicago, USA (political science)
<b>Aleksandr Barsukov</b>	Can. of Political Sci., Assoc.Prof., Siberian Institute of Management, Branch of RANEPA, Russia (political science)
<b>Sergey Biryukov</b>	Doctor of Political Sci., Prof., Kemerovo State University, Kemerovo, Russia (political science)
<b>Bagysh Gabdulina</b>	Can. of Historical Sci., Assoc.Prof., L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (political science)
<b>Kurmangali Darkenov</b>	Can. of Historical Sci., L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (regional studies)
<b>Maira Dyussembekova</b>	Can. of Political Sci., Assoc.Prof., L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (political science)
<b>Shakir Ibrayev</b>	Doctor of Philology, Prof., L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (turkology)
<b>Irfan Shahzad</b>	PhD, Institute for Political Studies, Islamabad, Pakistan (international relations)
<b>Abai Kairzhanov</b>	Doctor of Philology, Prof., L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (turkology)
<b>Tursynkhan Kaiyrken</b>	Doctor of Historical Sci., Prof., L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (oriental studies)
<b>Kadyraly Konkobayev</b>	Can. of Philology, Prof., L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (turkology)
<b>Svetlana Kozhirova</b>	Doctor of Political Sci., Prof., L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (political science)
<b>Danagul Kopezhanova</b>	PhD, Assoc. Prof., L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (political science)
<b>Dmitrij Lanko</b>	Can. of Political Sci., Assoc.Prof., St Peterburg Universiy, Saint Petersburg, Russia (political science)
<b>Laszlo Maracz</b>	PhD, Prof. Amsterdam University, Amsterdam, Netherlands (international relations)
<b>Mandana Tisheyan</b>	PhD, Allameh Tabataba'i University, Tehran, Iran (international relations)
<b>Irina Nevskaya</b>	PhD, Goethe University, Germany, Frankfurt am Main (turkology)
<b>Zhaslan Nurbayev</b>	Can. of Historical Sci., L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (regional studies)
<b>Aigerim Ospanova</b>	PhD, Assoc.Prof., L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (regional studies)
<b>Punit Gaur</b>	PhD, Prof. University of New Delhi, New Delhi, India (regional studies)
<b>Paulo Botta</b>	PhD, Prof., National University of La Plata, La Plata, Argentina (political science)
<b>Indira Rystina</b>	PhD, L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (political science)
<b>Seyit Ali Avcu</b>	PhD, Yildirim Beyazit University, Ankara Turkey (regional studies)
<b>Baubek Somzhurek</b>	Can. of Historical Sci., Assoc.Prof., Astana International University, Nur-Sultan, Kazakhstan (international relations)
<b>Raihan Tashtemkhanova</b>	Doctor of Historical Sci., Prof., L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (regional studies)
<b>Nurila Shaymerdinova</b>	Doctor of Philology, Prof., L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (turkology)
<b>Akbota Zholdasbekova</b>	Can. of Political Sci., Prof., L.N.Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan (international relations)
<b>Alua Zholdybalina</b>	PhD, Assoc.Prof., Kazakhstan Institute for Strategic Studies, Nur-Sultan, Kazakhstan (political science)
<b>Zimonyi Istvan</b>	Prof., University of Szeged, Szeged, Hungary (turkology)

Editorial address: 2, Satpayev str., of. 402, Nur-Sultan city, Kazakhstan, 010008.  
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-432). E-mail: [vest\\_polit@enu.kz](mailto:vest_polit@enu.kz), web-site: <http://bulpolit.enu.kz>  
Responsible secretary: Akmaral Sarsenbekova

**Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University POLITICAL SCIENCE. REGIONAL STUDIES. ORIENTAL STUDIES. TURKOLOGY Series**  
**Owner:** Non-profit joint-stock company «L.N.Gumilyov Eurasian National University»  
Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan. Registration certificate No. 17125-Ж from 25.05.2018  
Signed in print 16.09.2020. Available at: <http://bulpolit.enu.kz> Periodicity: 4 times a year. Circulation: 6 copies  
Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31-432)

Главный редактор: **Нуртазина Р.А.**  
д.полит.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан (полит. науки)

Зам. главного редактора: **Нечаева Е.Л.**, к.полит.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан (полит. науки)

Зам. главного редактора: **Ахметжанова Л.К.**, к.ист.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан (международные отношения)

#### *Редакционная коллегия*

- Абдуалиулы Б.** д.ф.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан (туркология)  
**Абжапшарова Б.Ж.** д.ист.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан (востоковедение)  
**Авдеева О. А.** д.полит.н., доцент, университет Лойола, Чикаго, США (полит.науки)  
**АЗмуханова А.М.** к.ист.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан (международные отношения)  
**Алибекулы А.** к.ф.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан (востоковедение)  
**Алиева С.К.** к.ист.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан (международные отношения)  
**Барсуков А. М.** к.полит.н., доцент, Сибирский институт управления – филиал РАНХиГС, Новосибирск, Россия (политические науки)  
**Бирюков С.В.** д.полит.н., проф., Кемеровский государственный университет, Кемерово, Россия (полит. науки)  
**Габдулина Б.А.** к.ист.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан (полит.науки)  
**Даркенов К.Г.** к.и.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан (регионоведение)  
**Дюсембекова М.К.** к.полит.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан (полит.науки)  
**Жолдыбалина А.С.** PhD, доцент, Казахстанский институт стратегических исследований, Нур-Султан, Казахстан (полит.науки)  
**Жолдасбекова А.Н.** к.полит.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан (международ. отношения)  
**Зимони Иштван** проф., Сегедский университет, Сегед, Венгрия (туркология)  
**Ибраев Ш.** д.ф.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан (туркология)  
**Ирфан Шахзад** PhD, Институт политических исследований, Исламабад, Пакистан (международ. отношения)  
**Кайржанов А.К.** д.ф.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан (туркология)  
**Кайыркен Т.З.** д.ист.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан (востоковедение)  
**Кожирова С.Б.** д.полит.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан (полит.науки)  
**Конкобаев К.** к.ф.н., проф., Международная Туркская академия, Нур-Султан, Казахстан (туркология)  
**Копежанова Д.Е.** PhD, доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан (полит.науки)  
**Ланко Д. А.** к.полит.н., доцент, Санкт-Петербургский гос.университет, Санкт-Петербург, Россия (полит.науки)  
**Ласлу Марац** PhD, проф., Амстердамский университет, Амстердам, Нидерланды (международ. отношения)  
**Мандана Тишеяр** PhD, Университет Алламе Табatabai, Тегеран, Иран (международ. отношения)  
**Невская И.А.** PhD, Гете Университет, Франкфурт-на-Майне, Германия (туркология)  
**Нурбаев Ж.Е.** к.и.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан (регионоведение)  
**Оспанова А.Н.** PhD, доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан (регионоведение)  
**Пунит Гаур** PhD, проф., университет Нью-Дели, Нью-Дели, Индия (регионоведение)  
**Пауло Ботта** PhD, проф., национальный университет Ла-Платы, Ла-Плата, Аргентина (полит.науки)  
**Рыстина И.С.** PhD, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан (полит.науки)  
**Сеййт Али Авджу** PhD, университет Йылдырыма Беязита, Турция (регионоведение)  
**Сомжурек Б.Ж.** к.ист.н., доцент, Astana International University, Нур-Султан, Казахстан (международ. отношения)  
**Таштемханова Р.М.** д.ист.н., проф. (Казахстан), ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан (регионоведение)  
**Шаймердинова Н.Г.** д.ф.н., проф. (Казахстан), ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан (туркология)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Сатпаева, 2, каб. 402 Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-432)  
E-mail: vest\_polit@enu.kz, web-site: <http://bulpolit.enu.kz/>  
Ответственный секретарь: А.М. Сарсенбекова

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева. Серия:ПОЛИТИЧЕСКИЕ НАУКИ.  
РЕГИОНОВЕДЕНИЕ. ВОСТОКОВЕДЕНИЕ. ТЮРКОЛОГИЯ**

**Собственник:** НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева». Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан Регистрационное свидетельство № 17125-Ж от 25.05.18 г.  
Подписано в печать: 16.09.2020 г.

Электронная версия в открытом доступе: <http://bulpolit.enu.kz> Периодичность: 4 раза в год. Тираж: 6 экземпляров  
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31-432)

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.  
Саяси ғылымдар. Аймақтану.  
Шығыстану. Түркітану сериясы, № 3(132)/2020**

**МАЗМҰНЫ**

<b>Әділов М.Е.</b> Абайдың «Ескілік киімі» өлеңіндегі этнографиялық ұғымдар	11
<b>Байбусинова Н.К., Ильясова З.С.</b> Парсы шығанағы елдерінің АҚШ-пен сауда қатынастары	20
<b>Бастамитова А.М.</b> Қашқаридің «Дивани лұгат-ит түрк» еңбегіндегі түркі ойындары және олардың түркі халықтарының мәдениетіндегі орны	30
<b>Жалмагамбетова С.К.</b> Қоғамдық сананы жаңғырту жағдайындағы Қазақстан Республикасындағы қазіргі заманғы үштілділік саясатының ерекшеліктері	36
<b>Каженова Г.М., Сахова Б.С.</b> ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жаһандық қауіпсіздік саласындағы халықаралық бастамалары мен еңбектері	44
<b>Карпенко А.М.</b> ХХІ ғасырдағы әлемдік саясат контексіндегі жаһандық денсаулық сақтаудың дамуы	51
<b>Керімова Ж.Қ. , Ахапов Е.А., Шимидзу К.</b> Киото әко-модель қаласының эко-саясатындағы көлік секторының талдауы	62
<b>Махаммадұлы С.</b> Қазіргі АҚШ пен ҚХР қатынастарындағы Тайвань факторы	76
<b>Омарова Г.Н.</b> Түркі халықтарының аспаптық дәстүрлерін салыстырмалы зерттеудің перспективалары турасында (музыкалық мәдениеттер типологиясы түрғысынан)	83
<b>Рустами С.</b> Қазіргі Орталық Азия Region Building сатысында	92
<b>Сейтхамит А.Ж., Нұрдаулетова С.М.</b> Қазақстан Республикасындағы еуропалық жұмсақ күшінің мәдени компоненті	103
<b>Утеулиева Г.К.</b> Жапонияның экономикалық және қорғаныс (әскери) потенциалды корреляциялаусаласындағы манипуляциялық саясаты	114

**Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University.  
Political science. Regional studies.  
Oriental studies. Turkology Series, № 3(132)/2020**

**CONTENTS**

<i>Adilov M.E.</i> Ethnographisms in the Abay's poem «Eskilik kiimi»	11
<i>Baibussinova N.K., Ilyassova Z.S.</i> Trade relations of Gulf countries with the United States	20
<i>Bastamitova A.T.</i> Turkic games in the monument "Diwani lugat-it Turk" by M. Kashgari and their significance in the culture of the Turkic peoples	30
<i>Zhalmagambetova S.K.</i> The features of the modern language trilingual's policy in the Republic of Kazakhstan under conditions of modernization of public consciousness	36
<i>Kakenova G.M., Sakhova B.S.</i> International initiatives and works of the First President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev in the field of global security	44
<i>Karpenko A.M.</i> Development of global health in the context of world policy in the XXI century	51
<i>Kerimova Zh.K., Akhapov E.A., Shimizu K.</i> Analysis of the transport sector in the eco-policy of Kyoto Eco-model city	62
<i>Makhammaduly S.</i> Taiwanese Factor In Modern American-Chinese Relations	76
<i>Omarova G.N.</i> On the perspective of a comparative study of instrumental traditions of Turkic peoples (in terms of the typology of musical cultures)	83
<i>Rustami S.</i> Modern Central Asia in the Region Building Stage	92
<i>Seitkhamit A.Zh., Nurdavletova S.M.</i> The cultural constituent of the European Soft Power in the Republic of Kazakhstan	103
<i>Uteuliyeva G.K.</i> Manipulative policy of Japan on correlation of economic and defense (military) potential	114

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева.**  
**Серия Политические науки. Регионоведение.**  
**Востоковедение. Тюркология, № 3(132)/2020**

**СОДЕРЖАНИЕ**

<i>Адилов М.Е.</i> Этнографизмы в стихотворении Абая «Ескілік киімі»	11
<i>Байбусинова Н.К., Ильясова З.С.</i> Торговые отношения стран Персидского залива с США	20
<i>Бастамитова А.Т.</i> Тюркские игры в памятнике «Дивани лугат-ит Турк» М. Кашгари и их значимость в культуре тюркских народов	30
<i>Жалмагамбетова С.К.</i> Особенности политики современного языкового трехъязычие в Республике Казахстан в условиях модернизации общественного сознания	36
<i>Каженова Г.М., Сахова Б.С.</i> Международные инициативы и труды Первого Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева в сфере глобальной безопасности	44
<i>Карпенко А.М.</i> Развитие глобального здравоохранения в контексте мировой политики в XXI веке	51
<i>Керимова Ж.К., Ахапов Е.А., Шимидзу К.</i> Анализ транспортного сектора в эко-политике города Киото эко-модель	62
<i>Махаммадұлы С.</i> Тайваньский фактор в современных американо-китайских отношениях	76
<i>Омарова Г.Н.</i> О перспективах сравнительного изучения инструментальных традиций тюркских народов (в аспекте типологии музыкальных культур)	83
<i>Рустами С.</i> Современная Центральная Азия в Стадии Region Building	92
<i>Сейтхамит А.Ж., Нурдавлетова С.М.</i> Культурная составляющая европейской мягкой силы в Республике Казахстан	103
<i>Утеулиева Г.К.</i> Манипулятивная политика Японии по корреляции экономического и оборонного (военного) потенциала	114

## ПРИОРИТЕТ ЦИФРОВОЙ ПОЛИТИКИ В ОБРАЗОВАНИИ

В современных условиях инновационные технологии и цифровизация модернизируют и обновляют гражданское общество. В этих условиях человеческий капитал – знания и навыки становятся стратегическими приоритетами государства. Актуальные проблемы социализации общества в период пандемии позволяют говорить о влиянии цифровизации на новые политические решения власти.

Сегодня государственная политика направлена на создание условий качества образования, повышения уровня жизни граждан с помощью обеспечения доступности услуг инновационных цифровых технологий, формирования цифровой грамотности, обеспечения безопасности в виртуальном пространстве. Проведем небольшой дискурс о приоритетах цифровой политики в системе высшего образования.

### *Как цифровая модернизация происходит в зарубежных странах?*

В государственной программе «Цифровой Казахстан» отмечается, что процесс цифровизации сегодня затрагивает практически все страны мира, которые определяют свои приоритеты цифрового развития. Например, более 15 стран мира реализуют национальные программы цифровизации. Передовыми странами по цифровизации национальных экономик являются Китай, Сингапур, Новая Зеландия, Южная Корея и Дания.

Китай в программе «интернет плюс» интегрирует цифровые индустрии с традиционными, Канада создает ИКТ-хаб в Торонто, Сингапур формирует «Умную экономику», драйвером которой становится ИКТ, Южная Корея в программе «Креативная экономика» ориентируется на развитие человеческого капитала, предпринимательство и распространение достижений ИКТ, Дания фокусируется на цифровизации госсектора. В этих странах государство играет ключевую роль в запуске и реализации программы, при этом успех зависит от вовлечения частных игроков - то, что называется «цифровая приватизация».

Например, в Южной Корее при активной позиции государства опорные компании начинают самостоятельно осуществлять инвестиции в прорывные цифровые технологии. Один из крупнейших телеком-операторов страны - SKT - запланировал инвестировать в технологии искусственного интеллекта и «интернета вещей» и привлекать местных стартапов для разработки точечных решений.

Казахстан в этом ключе является догоняющей страной и в рейтинге e-intensity международной консалтинговой компании The Boston Consulting Group с точки зрения текущего уровня цифровизации. Например, в ключевом мировом рейтинге развития ИКТ, рассчитываемом под эгидой ООН – ICT Development Index, – Казахстан в 2016 году занимал 52-ю строчку из 175-ти, не изменив своего положения с 2015 года. В результате реализации Программы и других стратегических направлений наша страна должна подняться в рейтинге до 30-го места к 2022 году, 25-го места к 2025 году и до 15-го места к 2050 году.

В этом контексте образовательная траектория цифровизации высшей школы должна ориентироваться на прикладные науки и практику. Полагаем, что образовательная цель стала заключаться не в передаче знаний, а в обеспечении условий для создания этой информации. Меняется стратегия реализация новой образовательной модели «практическая востребованность» специалистов. Поэтому критерием для выпускника становится не красный диплом о высшем образовании, а современная компетенция, которая включает в себя практику цифрового знания, умения операционных, инструментальных, аналитических и стратегических навыков.

Среди экспертов и ученых есть разные спорные моменты по определению таких трендовых словосочетаний как «цифровая экономика», «цифровой менталитет», «цифровая экоси-

стема», «дистанционное образование», «цифровой университет», «цифровая наукометрия», «электронное правительство» и т.д. Однако все дискуссии сводятся к одному знаменателю «цифровой экономике», где во все сферы жизнедеятельности общества основываются на цифровых технологиях. В этом аспекте особую роль играет сфера образования в высшей школе. В современных условиях университеты, независимо от выбранной стратегии, проходят модернизацию.

Прежде всего, отметим, что цифровой университет предполагает внедрение не только инновационных технологий, но и корпоративно-культурных, новых методологических и организационных процессов, которые объясняются такими факторами.

Во-первых, современные студенты сегодня относятся к поколению digitalnatives, применяющие новые технологии для социализации и коммуникации, по сравнению со старшим поколением.

Во-вторых, растет конкуренция среди университетов разного уровня в условиях дистанционного обучения. Борьба за студента усиливается уже на международном уровне. Конкурентное преимущество университетов определяется внедрением всех инструментариев цифровизации и модернизацией своей образовательной политики.

В-третьих, эффективный и своевременный переход к преобразованиям цифровизации внутренних процессов университета базовыми информационными сервисами, цифровизацией наукометрии и маркетинга. Приоритетами остаются также повышение квалификации профессорско-преподавательского состава, поддерживающие платформы коммуникации с отраслевыми, научно-исследовательскими и зарубежными партнерами, работодателями, бизнес-структурами.

Актуальным для вузов становится и вопрос о дистанционном обучении студентов. Например, в ЕНУ им.Л.Н.Гумилева повсеместно активно внедряется электронное обучение, образование, разные сетевые образовательные ресурсы, что является большим импульсом развития инновационных образовательных технологий.

Отмету, что дистанционное обучение стало главным инструментом реализации двух принципов «образование для всех» и «образование через всю жизнь». Дистанционное обучение в нашем университете принципиально отличается от традиционного обучения, первый опыт начало летней сессии 2020 года показал свои плюсы и минусы.

#### *Плюсы дистанционного обучения:*

- распределительный характер образовательного процесса дистанционного образования;
- обучение проходит по месту проживания студентов и ППС;
- гибкий график работы учебного процесса – свобода открытого образования, точечная работа по групповым заданиям конкретной дисциплины;
- коммуникация преподавателей со студентами через всевозможные сетевые ресурсы, как Zoom, MicrosoftTeams, MOOC и другие;
- создание новой информационной среды, где студент, который понимает какие именно знания, умения и навыки ему интересны;
- большие возможности для студентов получать требуемые преподавателем знания новыми информационными ресурсами;
- формирование умений и развитие навыков самостоятельной работы студентов, креативного мышления и поиска информации;

#### *Проблемы при дистанционном образовании:*


- вопросы адаптации методических и учебных материалов для дистанционного обучения;
- необходимость повышения квалификации преподавательского состава в области применения информационных ресурсов и методик;
- сложность контроля студентов при проведении текущих и государственных экзаменов;
- технические проблемы некоторых электронных ресурсов, не адаптированные университетом;

- психология живого общения преподавателя и студента;
- слабая разработка интерактивных разработок сетевых курсов ППС.

Безусловно, приоритетным является вопрос разработки базовой модели современного профессионала в сфере цифровизации, определение перечня ключевых компетенций и механизмов их актуализации, в том числе с учетом региональных особенностей и фиксации профессиональной траектории развития обучающегося.

Полагаем, что в современных условиях стирается понятие «успешный экономист, международник, юрист или политолог», которые не могут состояться без знания цифровых технологий. Цифровые знания становятся обязательными для любой профессии, они должны входить в программы обучения в университетах с первого курса.

С уважением,  
главный редактор,  
доктор политических наук,  
профессор ЕНУ им. Л.Н.Гумилева  
Нуртазина Р.А.



XFTAP 16.21.47

М.Е. Өділов

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан  
(E-mail: marlenadilov88@gmail.com )

## Абайдың «Ескілік киімі» өлеңіндегі этнографиялық ұғымдар

**Аннотация.** Қазақтың ұлы ақыны Абайдың «Ескілік киімі» деп аталып жүрген төрт шумақты өлеңінде ертедегі қазақ аңшы жігітінің киім-кешек, ат әбзелдері, құрал-жабдықтары суреттегілін көрсетілген. Өлеңде бұдан ертерек дәуірдегі көшпененділік мәдениеті көрініс тапқандықтан сол кезеңге тән, әрі қазіргі күні қолданыла бермейтін этнографизм, историзмдер көп кездеседі. Этнографиялық ұғымдар мен историзмдердің кейірінің магынасы түсініксіз болғандықтан, олардың негізгі мәндерін анықтау үшін түркі жазба ескерткіштері мен тілдері материалдарына жүгіну қажет болды. Мақалада қазіргі кезде қолданыла бермейтін, әрі кейір магынасы түсініксіз этнографиялық атаулар тарихи-салыстырмалы әдіс бойынша талданды.

**Түйін сөздер:** Абай, этнографизмдер, историзмдер, киім-кешек атаулары, қазіргі түркі тілдері, көне түркі жазба мұралары.

DOI: <https://doi.org/10.32523/26-16-6887/2020-132-3-11-19>

**Кіріспе.** Киім, әшекей атауларына қатысты этнографизмдердің бір тобын Абай қазақтың өткен өмірін баяндаған «Ойланып ойға кеттім жүз жылғы өткен» деп басталатын өлеңінде көлтіреді. Бұл этнографиялық суреттеме өлеңінде **шидем, шекпен, жейде, дамбал, саң, жарғақ шалбар, жарғақ жастық, көпшік, мықшима, байпақ, кісе, дәндәку, күләтара, пұшпақ тымақ, құрысқақ, үзенгі, пыстан** тәрізді қазірде қолданудан шыға бастаған бір топ киім-кешек, мата, әшекей, құрал-жабдық, атәбзелатауларын береді:

Ойланып ойға кеттім жүз жылғы өткен,  
Тон қабаттап, кигенім – **шидем шекпен,**  
**Жейде-дамбал** ақ **саңнан, жарғақ шалбар,**

Жырым балақ матамен әдіптеткен.  
**Мықшима** аяғымда былғары етік,  
**Киіз байпақ** тоңдырмас ызғар өтіп.  
Ұлken **кісе** жанымда жез салдырған,  
Шақпағым, **дәндәкуім** жарқ-жүрк етіп.  
**Құләпера** басымда, **пұшпақ тымақ,**  
Ішкі бауын еткізген тесік құлақ.  
Тобылғыдан кесіп ап, жіппен қадап,  
Артын белге қыстырған бар құрысқақ  
Қалмақы қара үзенгі, биік қасты ер,  
**Қанжығамда** байлаулы жілтен **шідер,**  
**Жарғақ жастыққөпшігім** жезді **пыстан,**  
Бір келісті сайманым топқа мінер [1,214].  
Қазақтың ұлы ақыны Абайдың «Ескіліктің киімі» деп аталып кеткен осы өлеңінде қазақ халқының ұлттық киімдері үлгілері мен атәб-

зелдерінің біразы сипатталған. Тіпті бұлардың көбінің қазіргі күні «ескіліктер» екені аян. Бұл туралы академик Р.Сыздықова айтқан болатын:

«Архаизм, историзмдердің бір тобын Абай қазақтың өткен тарихын баяндауда әдейі келтіреді. Мысалы, жұз жыл бұрынғы қазақтың киімі туралы этнографиялық суреттеме өлеңінде жейде, жарғақ шалбар, жарғақ жастық, кісе, шақпақ, дәндәкү, құләпара, пыстан тәрізді қазірде, ал бірқатары, тіпті, Абай заманында қолданудан шыға бастаған бір топ киім-кешек пен өзге аксессуарлардың аттарын береді» [2, 129].

Белгілі ғалым Р.Сыздықова осындағы бұл күні қолданыла бермейтін кейбір атауларға ғана қысқашатоқталады, олардың ішінде, құләпара ұғымына мынадай түсіндірме береді:

«Құләпара да – қазақ арасына тегіс тараған киім атаяу емес (өзге облыстарда далбай, жалбағай т.б. аталады). Ол – қысы қатты, жауын-шашины мол орталық және шығыс аймақтарда боранда не жауында тымақтың сыртынан киетін басқиім» [2, 60].

Біз ақынның осы өлеңіндегі бұл күндері қолданылатыны, қолданылмайтындары бар этнографизмдердің түгелдей барлығын тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы түркі тілдері деректері негізінде талдадық. Сонымен, өлеңдегі қарамен белгіленген атаулар, шумак, жолдардағы реті бойынша қаралды.

**Негізгі бөлім. Шекпен.** Иірілген жүннен өрмекпен тоқылған соң тігілген сыртқиім (КТС 912). Соңғы кездері шенді-шекпенді деген ауыспалы мәндегі қолданыс кең қолданылуда. Қазақта шен-шекпен деген қос сөз де бар. Оның шығуы өткен ғасырлардағы қазақ елін отарлаған орыс жымысқылары елді, жерді бөліп, болыстар тағайындал, оларға шен тағайындалап, белгі беріп, шекпен кигізгенімен байланысты болса керек. Осыдан барып шен-шекпен киген деген үғым пайда болғандеседі. Абай да шенді шекпен жабу тіркесін қолданады:

Мәз болады болысын,  
Арқаға ұлық қаққанға,  
Шелтірейтіп орысын,  
Шенді шекпен жапқанға [1, 133].

Шекпен түбі түркі сөз. Жазба мұраларынан ең алғаш қыпшақ ескерткіштерінде қолданылған. Кодекс куманикуста чекмен «мата, кездеме, материал»; чекменчі «мата, кездеме тігуші» (CC.43a.20). Мәмлүк қыпшақ ескерткіші Әт түхфетүз зәкиеде де чекпен «шапап, жағасыз, ұзын женди сырт киім» (TZ 11b.2).

Чекмен атауының чекпек деген нұсқасы болса, бұдан ертерек дәүірлерде жұмсалған. Мысалы, Қөне ұйғыр жазулы мұраларында чекрәк «қысқалау келген киім түрі, белдемше, шалбар» (ДТС 143); Қарахан дәүірі жәдігері «Диуани лұғатит түркте» чекрек «құлдар киеті жүн шапан, желбегей, жүн жамылғы» (DLT 204/208).

Қазіргі түркі тілдеріне келсек, Алтайдан-Балқанға дейін чекмен, чекпен, чепкен, чикмен, шекпек, шепкен деген түрлі вариантында кең таралған. Соның кейбіреуінә ғана тоқталсақ, мысалы: құмық т. чепкен «кавказ халықтарындағы ерлердің сыртқиімі, ұлттық шапандары»; Чепкен тиғу – чеберлик, қаптал тиғу – қап тиғу (мақал) «Шекпен тігу – шеберлік, бешпент тігу – қап тігу» (КүмРС 340); өзбек т. әкмөн «әдетте жүн матадан тігілетін ер адамдар киетін ұзын қысқы тон» (УТИЛ IV 448); түркмен т. чәкмен «түйе жүнінен тігілген сырт киім» (ТДС 762); хакас т. сикпен «шұға, жүн мата» (HTS 447); чуваш т. сәкман «шапан, сыртқиім» (Васильев III 799).

Шекпеннің басқа тілдерге де кіргені белгілі: қытай т. жиекеман; парсы т. чекпен/чекмен; орыс т. чекменъ.

**Шидем.** Шидем этнографиялық ұғымын Ә.Қайдар «сырты қой жүнінен тоқылған шекпен; іші қойдың жабағысы, қысты күні мал бағушылар киеді» деп анықтайды [3, 270]. Абайдың «Қыс» өлеңіндегі шидемнің қолданысына қарап, жоғарыдағы мәні аңғарылады:

Әуес көріп жүгірген жас балалар,  
Беті-қолы домбығып, үсік шалды.

**Шидем** мен тон қабаттап киген малшы  
Бет қарауға шыдамай теріс айналды [1, 123].

«Ескіліктің киімі» деп аталаған кеткен өлеңде шидем шекпен деген қолданыс бар. Шекпеннің ең әдемі түрін «Шидем шекпен» дейді. Шидем шекпен «тайлақ, түйе жүнінен тоқылған,

астарланып, сырыйп тігілген сыртқиім» (КТТС 912).

Абайдағы шидем сөзі түркі ескерткіштерінен тек Қарахан дәуірі мұрасында кездеседі:

Махмұт Қашқары «Диуани лұғатит түрк» сөздігінде чайдам «жанбырдан қорғайтын сыртқиім және төсек жасауга арналған жіңішке киіз түрі» (DLT 522/422).

Қазіргі түркі тілдерінен бұл сөзді тек қырғыз сөздігінен таба алдық:

Қырғыз т. чийдан «қойшылардың киетін сыртқиімі(қыргыздардың койчуларының жүндөн колто согулгантаар менен тышталған, кийиз менен ичтелген кийимине «чийдан» деп аталған») (КиргРС II 362).

**Дамбал.** Шалбар ішінен киетін жұқа ішкіім, ыштан; денениң кіндіктен төменгі бөлігіне киелетін екі балағы бар ерлер киімі (КТТС 186; [3, 271].

Абай тілі сөздігінде дамбал сөзінің берілмені назар аудартады.

Дамбалдың Абайда жейде-дамбал деп қос сөз түрінде берілуі екеуінің бір мағынадағы қолданысы екендігін аңғартады. Мәселен, Ә.Қайдар жейде-дамбал қос сөзін «ерлердің ішкіім» деп түсіндіреді [3, 271]. Мұнымен бірге, көйлек-ыштан/көйлек-дамбал «ішкіім» (КТТС 406) вариантарының да болуы Қайдар пікірінің дүрыс екендігін көрсетеді.

Бір жағынан дәстүрлі ортада ер адамдар ақ сұрыптан тігілетін жағалы көйлектің астынғы бөлігінен төменге қарай ептең тарыла бастайтын кең адымды дамбал түрін киген. Абайдың дамбал-жейде қос сөз қылып бергеннің сырьы осы болса керек.

Дамбал атавы жазба ескерткіштерде кездесе бермейді, тек Анадолы түркі жазба ескерткіші Қиссасұл әнбияда (Анадолы нұсқасы) донбал түрінде қолданылған: донбал «киімнің бір түрі (шалбар болса керек)»: Исхақ сауыт донбалны хем кийүрди, бардагына сүйн дагы қойар емди «Ысқақ елші дамбалын киетін еді, кесесіне сүйн да құятын еді» (KY.6v.11).

Фин ғалымы М.Рәсәнен кей түркі тілдерінде «шалбар» мәніндегі танбан сөзі парсыдағы танбаан (тонбаан) ұғымы екендігін айтады [4, 460]. Жазылуы танбан болса, мұның парсыдағы оқылуы тонбан екендігі белгілі.

Осы тонбан атавы біздің дамбал ұғымының болуы керек.

Түрік ғалымы Г.Қарағач «Шет тілдерінде түркі сөздері» деген сөздігінде (Türkçe Verintiler Sözlüğü) парсыдағы тонбаан, тонеке атапарының түркідегі тон «киім» сөзінен келетінін жазады [5, 257]. Сонда тон сөзінен келіп шыққан парсының тонбан ұғымы қазақ тіліне қайта айналып келіп дамбал формасында кіріп отыр. Анадолы түркі мұрасында да донбал тұлғасында келуі дамбалдың түбі түркінің тон сөзінен шыққанына дәлел болады.

Қазіргі түркі тілдерінен қазаққа жақын қарақалпақ тілінде дамбал сөзі ауызекі тілде «шалбар» мәнінде қолданылады (КкРС 158). Қырғыз тілінде дамбал сөзі қазақ тіліндегідей «шалбардың ішінен киетін киім (гамаж, кальсон)» мағынасында жұмсалады: дамбалым сенин башына «ерлерге қарата айтылатын қорлау, мазақ сөзі»; дамбалымды башынарга chalam «ит терісін басына қаптаймын деген мағынада»; тоқчулуктун дамбалындаи «кір, лас» (КиргРС I 183). Башқұрт тілінің диалектілерінде дамбал «ұзын, кең етекті ыштан» (БТН I 263).

Қазіргі қазақ тілінде дамбал сөзі ерсі естілгендіктен болса керек, кең қолданыла бермейді, шалбардың ішінен киетін киімді гамаж деп орысша айту кең таралғанға ұқсайды. Ал дамбал болса «ішкіім, лыпа, шолақ дамбал (трусы), үлкен кіслердің ішінен киетін ішкіім» деген мәнге ауысқан.

Саң. «Пышақ тигізбей бітей соыылған мал терісі; шыттан қалыңдау келген ақ түсті мата» (КТТС 707) мағыналарындағы саң сөзін Абай да соңғы мәнінде қолданады.

Саң сөзінің қымбат мата екенін қырғыз тіліндегі деректен білеміз:

Қырғыз т. шаң (қытай.) «қымбат мата түрі»: Суу сұрасам бал берген, бөз сұрасам шаң берген (КиргРС II 401). Қырғыз сөздігін жинап құрастырған орыс ғалымы Юдахин шаң сөзін қытайдікі деп көрсеткеніне қарағанда, қазақ тіліндегі саң сөзі де қытай тілінен енген болса керек.

**Жарғак.** «Құлын мен ешкі терісінің киімге жараптық, иленген терісі; құлын терісінен түгін сыртына қаратып тіккен сырт киім; иленген теріден жасалған зат; еті арыған, арық, қат-

па, жүқалау келген» деген көп мағыналы сөз Абайда «иленіп өнделген тері, сапалы жүқа тері» мағынасында қолданылған. Біз талдап отырған өлеңде жарғақ жастық және жарғақ шалбар тіркестері түрінде берілген.

Жарғақ сөзі көне мұралардан ең алғаш шағатай жазба ескерткіштерінде қолданылған: *йарғақ* «тері киім» [6, 410; 7, 251].

Орта ғасыр жазба жәдігерлерінде жарғақ сөзімен түбірлес *йары* формасы да кездеседі. Мысалы, Мәмлүк қыпшақ мұрасы «Әл Идрақ хашиесі» еңбегінде *йары* «май құмырасының аузына байланатын тері» (КірТС 312) сөзі бар.

Жарғақ сөзі қазіргі түрік тілдерінен көбіне қыпшақ тілдерінде кең таралған, жарғақпен түбірлес *жары* формасының да таралғанын байқадық. Мысалы, башқұрт т. *яргақ* «құрғақ тері; жараның қабығы; қу, ап-арық, етсіз» (БТН II 801); *яры* «қабықша, қабық, жінішке қабат» (БТН I 804).

Сонымен қатар, сібір түркілері мен көне деп есептелетін чуваш, якуттарда бұл ұғым қолданылады: тува т. *чаргаш* «тұлеген, жұні түскен (жануарлар туралы)»; *чаргаш тон* «жұні алынған тері» (ТувРС 504); чуваш т. *сурхах/йалхах* «жүқа қабық, қабықша, жарғақ, жарғақша» (ЧувРС 428); якут т. *сарыы* «жұмсақ иленген бұлан не бұты терісі; терінің жінішке қабаты, жүқа тері» (ЯРС 318).

Жарғақ сөзінің *жары* «тері» және -*ғақ* кішірейту мәніндегі жүрнағы жалғану арқылы жасалған туралы болжам бар (ЭСТЯ IV 141).

**Мықшима** «биік өкшелі шонқима етік» (АбайТС 377). Түсінірме сөздігінде мықшима сөзіне «өкшесін мықшита, маймита тіккен» деген анықтама берілген (ҚТТС 607). Бірақ Абай өлеңінде мықшима етіктің бір түрі екендігі сөзсіз.

Мықшима атавы «мықшындау, зорға көтеру» мағынасындағы мықши- етістігіне етістіктен есім тудырушы «ма» жүрнағының жасалуы арқылы жасалған болса керек. Бұл атав аяқтімнің өкшесін мықшита тігуімен байланысты мықшима етік деген аталған. «Үшкір тұмсық, қайқыбас өкшелі етік» мәніндегі мықшима етік сөз тіркесі мықшима деп қысқарып айттылып кетті. Мықшима ұғымына жасалуы жағынан ұқсасионқайма «өкшелі

етік», оқшима «қалпақ түрі», сылама «баскиім атавы», сырма «сырткім», т.б. атаптарда бар.

Б.Қалиевтің сөздігінде мықшима сөзі мықшима етік деген түсінірліген: «КР Мемлекеттік орталық музей қорында ер адамның мықшима етік деген атапатын үшкір тұмсық, қайқыбас өкшелі етігі бар» (Қаз. этнография.2, 117)[8, 434].

Ә.Қайдар да мықшима етік тіркесі түрінде анықтама береді: мықшима етік «өкшесінің түбі жуан, жер басар жағы жінішке, тұмсығы жоғары қарай қайқы келген биік өкшелі саптама етік. Оны да байпақпен, шұлғаумен киеді. Мықшиманы бұрын жас жігіттерге, ойын сауықшыл серілерге арнап тігетін. Оның қонышын, өкшелігін көксаяурап, тұмсығына қатырғы салады» [3, 273].

Қазіргі түркі тілдерінде қазақ тіліндегідегі мықшима (етіктің түрі) сөзі кездесе бермейді, тек мықшию етістігі қыпшақ тілдерінің кейбірінде ғана қолданылады:

Қарақалпақ т. мықший- «бұғжию; бүкірею; еңкею; еңкіштену; имендеу; имиу» (КкРС 471); қырғыз т. мықчый- «сол мағ.» (КирГРС II 47).

**Байпақ.** «Етіктің ішінен киетін, жүқалау етіп киізден істелген қонышты шұлық, киізден жасалған байпақ» мағынасындағы *кііз байпақ* сөз тіркесін Абай жоғарыдағы өлеңде бір рет қолданған.

Будагов қазақ және қырғыз тілдеріндегі байпақ сөзінің этиологиясын парсының *пай* «аяқ» және түркінің *баг* «бау» сөздерінің қосылып жасалуымен байланыстырып, парсы тілдеріндегі *пайтаба* деген ұғымының да жоғарыдағы тәсілмен жасалғанын алға тартады (Будагов I 240).

Қырғыз тілінің этиологиялық сөздігінде байпақ ұғымы парсының «аяқ» мағынасындағы *пай* және түркінің *қап* сөздерінің бірігінен жасалған деген тұжырым айттылған. Сөздік авторының айттынша *қап* сөзі *пақ* бол метатеза құбылысы негізінде өзгерген. Бұған ұқсас фонетикалық құбылыс қырғыз тілінде байқалады делінген, мысалы қазанбақ «қазанқабы, қазанның қақпағы», *шарқап* «пішен шөмелесі» [9, 42].

Қазіргі түркі тілдерінде бұл ұғым тек қыпшақ және қарлұқ тілдер тобында ғана

қолданылуда (оғыз және сібір түркілерінде кездеспейді).

**Kice** «күміспен сәндеп әшекейленген, белбеуге тағатын қалта» (АбайТС 296).

Қазақ мақалдарынан да *kice* сөзінің жоғарыдағы мағыналары аңғарылады:

Кісі болар баланың,  
*Kicesінен* белгілі.  
Ат болатын құлынның,  
Мүшесінен белгілі [10, 52].

Есепшінің есебі *kicesінде* [10,106].

Түркі тілдерінде *kice* сөзі «қалта» мағынасында кең таралған:

Қырғыз т. *kise* «белбеудегі қалташа, дорбаша; қалта»; *kise құр* «қалталы, әшекейлі белбеу» (КиргРС I 389); ногай т. *kise* «қалта»: *kise сагат* «қалтасағат» (НРС 167); татар т. *кесә* «қалта»: *кесә ақтару* «қалта ақтару»; *кесәгә суғу* «залал келтіру» (ТатРС403); башқұрт т. *кісә* «сол мағ.» (БТН 492); құмық т. *kise* «қалта»: *Кисенде* малың йоқ буса, аузунда балың йоқ мұ (мәтел) «Қалтаңда ақшаң жоқ болса, аузында балың жоқ п?» (КумРС 144); қырым татар т. *kise* «қалта, қалташа, дорба, әмиян» (КТРС 406).

Үйғыр т. *kise* «қалта» (YUTS 200); өзбек т. *киса* «сол мағ.» (УРС 221).

Әзербайжан т. *кисә* «дорба, қалта, қалташа, қапшық; моншада кір езуге арналған қолғап» (АзРС 170); түркмен т. *kise* «қалта»: *пулуң* *кисене сал* «ақшанды қалтаңа сал» (TTS 411); гагауз т. *кесә* «әмиян»: *кесә* бош «кедей» (ГРМС 265); түрік т. *kese* «қапшық, сөмкеше; әмиян; қалта»: *kesene bereket* «кеткеннің есесін, қалғанның берекесін берсін деген мағынада» (ТурРС 534).

Чуваш т. *кесъе* «қалта» (ЧувРС 169).  
Орыс т. *кисет* «маленький мешочек для табака» (ТСРС 984).

**Дәндәку** «кісенің оқшантаймен қатар тұратын былғары қалтасы» (АбайТС 160). Дәстүрлі *kise* белдіктің қын, қынап, қорамсақ, оқшантай, қандауыр, дәндәку тәрізді құрамадас бөлшектері болады. Соның ішінде, дәндәку «шақпақ тас және тағы басқа от тұтатуға арналған заттар сақталатын, оқшантаймен қатар тұратын шағын былғары қалта түрі» болса керек.

Ұлы Абайдың өлеңінде:

Ұлken кісе жанымда жез салдырған,

Шақпағым, дәндәкүім жарқ-жүрк етіп (Абай 214)- деген жолдардан дәндәкүйің от шығаратын шақпақпен қатар ілінетін кісе белдікке тағылатын элементтің бірі екендігі байқалады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде дәндәкү көнерген сөз делініп, «кісенің оқшантаймен қатар тұратын былғары қалтасы» деген түсіндірме берілген (ҚТС 192).

Юдахиннің қырғыз тілі сөздігінде *данданкү* «тіс тазалағыш құрал» делініп, түбі парсының сөзі деген белгі қойылған (КиргРС I 184).

**Күләпәра.** Мауыттан, шүғадан, шидемнен тігілген, жазда басты шаңнан қорғау үшін, қыста жаңбыр мен қардан сақтану үшін тымақтың сыртынан киетін бүркеншік, жамылғы, женіл баскиімнің бір түрі.

Ә.Қайдар *күләпара* және *кулпара* варианиттары бар дег, оларға жеке-жеке түсіндірме береді:

*Күләпара* «тымақтың көбінесе ақ (кейде көк не қызыл) бұлдан жасалатын қабы. Онымен тымақ тысы кірлегенде жуып алу үшін қапталады. Күләпарамен қапталған қара, қоңыр, көк елтіріден, түлкі терісінен жасалған тымақтар тез тозбайды, көпке шыдайды»;

*Күлпара* «мауыттан, шүғадан, шидемнен тігілген, басты шаңнан қорғау үшін жазда не жаңбыр мен қардан сақтану үшін қыста тымақтың сыртынан киетін женіл баскиімнің бір түрі» [3, 262].

Түркі тілдерінен *куләпера* сөзін тек башқұрт тілі сөздігінен ғана таба алдық:

Башқұрт т. *көләпәрә/көләпә* «көбіне әскерилер киетін, баста еркін тұратын кең құлақты баскиім түрі» (БТН I 538).

Н.Оңдасынов *куләпара* сөзін парсы тіліндегі «әйелдердің ұлken баскиімі» мағынасындағы қолаһтарә ұғымымен байланысты көреді [11, 175].

Парсы тіліндегі «айырқалпақты баскиім, қалпақ; тәж; хан, ханзада баскиімі» мәніндегі **құләп** сөзі де осымен байланысты болса керек. Парсы тілінен енген кірмелерде сөз соңындағы «h» дыбысының тұсу құбылысын есепке алсақ (тұнәh>кунә, гүвәh > куә),

куләһ атауында да «һ» дауыссызы түсіп күлә түрінде күләпара ұғымында сақталды деп топшылаймыз.

Түркі тілдерінің кейбірінде бұл формадағы сез жеке қолданылады:

Қырғыз т. *кулө/кулөө* «шалманың астынан киетін тақия, топы; дәруіш, әпенделердің баскиімі» (КиргРС I 464); өзбек т. *кулох* (ист.) «дөңес пішіндегі дәруіш, әпенде баскиімі» (УРС 227); түрк т. *külah* «дөңес түрідегі ұзындау қалпақ, айырқалпақ; қағаз қапшық (кулек)» (ТурРС 580); гагауз т. *куләф/куләһ* «бұрынғы заманда киілген баскиім түрі» (ГРМС 301).

**Пұшпақ тымақ.** Теріден тігілетін тымақты «тұлқі тымақ», «пұшпақ тұмақ», «елтірі тымақ» деп атайды. Оның ішінде, тұлқі пұшпағынан жасалған пұшпақ тымақтар сәнді, бағалы саналады. Пұшпақ тымақты жылдың барлық мезгілінде киеді және кең тараған түрі осы. Оны тұлқі терісінің пұшпақтарынан жинап тігеді. Ал пұшпақ дегеніміз тұлқінің тізеден төменгі сирақ терісі. Пұшпақ тымақты кейде «керең тымақ» деп те атайды. Біз талдаған өлеңде тымақтың осы түрі бейнеленген.

«Пұшпақ тымақ» деген ұғымдағы *пұшпақ* сезін жеке талдасақ, оның қазақ тілінде негізгі мағынасында емес ауыспалы мәнде жұмсалып жатқанын аңғарамыз. Қазақ әдеби тілі сөздігінде *пұшпақ* сезі «малдың, аңың тізеден төменгі сирақ терісі» деп түсіндіріліп, түбі парсынікі деген белгі берілген (ҚӘТС XII 409).

Бірақ *пұшпақ* ұғымының негізгі мағынасы «бөлік, кесінді, ұш, шет, бұрыш» екендігі анық, ол мәні *шет-пұшпақтан айтты* (ФС 762) тұрақты тіркесінде сақталған. Алайда дәл осы мағынасы түсіндірме сөздігінде берілмеген.

Түркі тілдері деректеріне жүгінсек, *пұшпақ* сезінің қазақ тіліндегі «малдың, аңың тізеден төменгі сирақ терісі» мағынасы кейінгі дәүірдің туындысы екендігін аңғарамыз.

*Пұшпақ тымақ* тіркесінің құрамындағы *пұшпақ* сезі көне түркі жазба мұраларында бычғақ/бұчғақ/бұчмақ/бұчақ тұлғаларында әрі көбіне «бұрыш, ұш, шет» мәндерінде кездеседі:

Қазіргі түркі тілдерінде негізгі мәнінен бөлек, кейін пайда болған мағыналарында

да жұмсалады. Мысалы, қырғыз т. *бұчқақ* ««малдың, аңың тізеден төменгі сирақ терісі; малдың, аңың тізеден төменгі сирақ терісінен жасалған тон, ішік» (КиргРС I 164); татар т. *почмақ* «бұрыш; үйдің бір бөлігі, бұрышы, шеткі бөлме»: Өй почмагына үт капса да, кайғырымый (мәтел) «Үйнің шетінен өрт шықса да бәрібір» (ТатРС 717); *өчпочмак* «ұшбұрыш; ұшбұрыш түріндегі бәліш (учпучмақ)» (ТатРС 1240); қарашай-балқар т. *бұчхақ* «қаптың түбіндегі жіппен түйілген тесігі; шалбардың балағы» (КМТС 128).

Түркі т. *бужақ* «шет, бұрыш, ұш; жер, орын» (TS 402); түркімен т. *бужақ* «гойнуң дерисинден, хамындан сууқ зат ғұймақ үчин едилійән ғабын голы яда арт аяғы» (ТДС 111)

Хакас т. *пұсах* «бөлік, кесінді; алқам-салқам, нас, салақ, ұқыпсыз»; *пысах* «сирақ терісі» (ХРС 167; 171) тува т. *быжынды* «киім тігуден кейін қалған мата кесіндісі»; *бышқак* «мал сирағының терісі» (ТувРС 129; 131); чуваши т. *пέчмех/пέчек* «бұрыш» (Федотов I 425); якут тілінде *быстах* біздің тіліміздегі «кесінді, үзінді, сынық бөлік» іспеттес мағыналар орнына жұмсалады (ЯРС 94).

**Құрықақ** «тобылғы тиек» (АбайТС 343).

Бұл түркі тілдері сөздіктерінен шығарылған формалармен семантикалық және жасалуы жағынан бірдей деп топшылаймыз:

Татар т. *қорышқақ* «бұкшиюге, қайқилюға бейім»; *қорышқан* «бұкшиген, қайқиған»

(ТатРС 465); башқұрт т. *қорошқақ* «қатты тонған, үсіген» (BTS 374).

Ұйғыр т. *қурушқақ* «бірден құрғап қалатын, құрғағыш; саран, шық бермес» (YUTS 249); өзбек т. *қурушқоқ* «ағаштағы құрғап қалған жемістер»; *қурушқоқ/қурумсөк* «саран» (УРС 693)

Тува т. *қурускүк/қурусуқ* «ку ағаш; қурап қалған ағаш; қада; сырғауыл; сырый» (Татаринцев III 316); хакас т. *хурусха* «елтірі; жылбысын» (ХРС 293).

**Үзенгі** «Көлікке мінуге арналған, ердің еki қапталына қайыс бау арқылы тағылатын әбзел түрі, ертоқымның аяқ салатын бір бөлшегі».

Үзенгі атауы осы мағынасында түркі және монгол тілдерінде кең қолданылатын, түркі-монголға ортақ атау:

Көне түркі мұраларында үзәңгү(ДТС 630). Қарақалпақ т. үзенғи (КкРС 687); ногай т. зөңғи (НРС 115); қырғыз т. үзөңгү (КиргРС II 318); татар және башқұрт т. өзәңгे (ТатРС 1229); құмық, қарашай-балқар, қарайым т. өзенғи (КумРС 231); үйғыр т. үзәңгө; өзбек т. узанғи (УРС 501); түркімен т. үзенғи (ТТС 659); түрік т. *üzenge*«үзенғи» (ТКС 550); әзербайжан т. үзәнки(АзРС 304).

Алтай, шор т. үзәңә(РусАС 738); тува т. әзенғи (ТувРС 608); сары үйғыр т. езенғо[12, 25]; хакас т. ізенъе (ХРС 66); якут т. иңәһә (ЯРС 153); чуваш т. йарана(ЧувРС 119).

Монғол т. дөрүгө (MTS 427); халқа т. дөрөө; бурят дүрөө; қалмақ дөрә; эвенки т. дуруку(ЭСМЯ 196).

Банг, Дерфер, Брокельман, Вамбери деген ғалымдар үзенғі үғымы «үстіне, үстінгі жағына» мағынасындағы үз/үзе(үз «үсті» + ең «есімнен етістік туд.жүрн.» + гі етістіктен есім туд. жүрн.) сөзінен жасалды деп тұжырымдаған (ӘСТЯ I 624).

**Қанжыға** «бір нәрсе байлау, бөктеру үшін ердің екі жақ қапталының арт жағына өткізілген жіңішке, ұзын қайыс» (КТТС 472).

Қазақ тілінің қысқа этиологиялық сөздігінде қанжыға сөзінің монғол тілінен енгені туралы айттылған (КТҚЭС 116).

Монғол тілінен *ганжуға/ганзға* «қанжыға» (КМРС 47) енген бұл атау көне ескерткіштерде қолданылмаса да қазіргі түркі-монғол тілдерінде кең таралған.

8. Health: an issue in global politics and international affairs. The Chatham House Centre on Global Health Security [Электронный ресурс]. – URL: [https://www.chathamhouse.org/sites/default/files/media\\_wysiwyg/Centre%20for%20Global%20Health%20Security%20Prospectus.pdf](https://www.chathamhouse.org/sites/default/files/media_wysiwyg/Centre%20for%20Global%20Health%20Security%20Prospectus.pdf) (дата обращения 24.08.2020).

9. Fidler D.P. Health as foreign policy: between principle and power // Whitehead J Diplomacy Int Relat. - 2005. - №6. - P. 179-194.
10. Feldbaum H., Lee K., Michaud J. Global Health and Foreign Policy // Epidemiologic Reviews. - 2010. - Vol. - 32 P. 82-91.
11. Koplan J.P., Bond T., Merson M., Reddy K., Rodriguez M., Sewankambo N. Towards a common definition of global health // Lancet. - 2009. - №373. - P. 1993-1995.
12. Kickbusch I., Cassar Szabo M.M. A new governance space for health // Glob Health Action. - 2014. - № 7 - P.10.
13. Bozorgmehr K. Rethinking the 'global' in global health: a dialectic approach. Global Health. - 2010. - № 6. - P.19.
14. Fidler D.P. The challenges of global health governance // New York: Council on Foreign Relations. - 2010.
15. Nye, J.S. Jr. The paradox of American power; why the world's only super power can't go it alone. – New York : Oxford University Press. - 2002. - P. 8-9.
16. Health security. WHO [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.who.int/health-security/en/> (дата обращения 24.08.2020).
17. Цели устойчивого развития ООН [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/health/> (дата обращения 24.08.2020).
18. Резолюция ГА ООН «Здоровье населения мира и внешняя политика» (A/RES/67/81) [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.preventionweb.net/files/resolutions/N1251435.pdf> (дата обращения 24.08.2020).
19. Резолюция ГА ООН «Преобразование нашего мира: Повестка дня в области устойчивого развития на период до 2030 года» (A/RES/70/1) [Электронный ресурс]. – URL: [https://unctad.org/meetings/en/SessionalDocuments/ares70d1\\_ru.pdf](https://unctad.org/meetings/en/SessionalDocuments/ares70d1_ru.pdf) (дата обращения 24.08.2020)
20. Резолюция ГА ООН «Здоровье населения мира и внешняя политика: охрана здоровья представителей наиболее уязвимых групп населения для построения инклюзивного общества» (A/RES/72/139) [Электронный ресурс]. – URL: <https://undocs.org/pdf?symbol=ru/A/RES/72/139> (дата обращения 28.08.2020).
21. Харьков Е.И. Особенности качества жизни и психологические характеристики больных пожилого возраста с заболеваниями сердечно-сосудистой системы и пути коррекции последних // Российский кардиологический журнал. - 2010. - № 3. - С. 53-57.
22. Kaplan R.M., Bush J.W. Health-related quality of life measurement for evaluation research and policy analysis // Health Psychology. - 1982. - №1. - P. 61-80.

### References

1. Markushina N.YU., Timchenko N.M., Tochitsky N.A. Coronavirus i sport: problema otmeny krupnejshih mezhdunarodnyh sportivnyh sorevnovanij [Coronavirus and sport: the problem of canceling major international sports competitions], Uchenye zapiski universiteta imeni P.F. Lesgafta [Scientific notes of the P. F. Lesgaft University], 3, 308-312(2020).
2. Stoeva P. International Relations and the Global Politics of Health: A State of the Art? Global Health Governance, The Scholarly Journal for the New Health Security Paradigm, 10, 97-109(2016).
3. Fidler D.P. Caught between paradise and power: public health, pathogenic threats, and the axis of illness, McGeorge Law Rev., 35, P. 45(2004).
4. Dodgson R., Lee K. Global Governance: Critical Perspectives. Wilkinson R, Hughes S, editor. Global Health Governance: Practice and Prospects. 2002.
5. Declaration of Alma-Ata International Conference on Primary Health Care, Alma-Ata, USSR, 6-12 September 1978 [Electronic resource]. Available at: [https://www.who.int/publications/almaata\\_declaration\\_en.pdf](https://www.who.int/publications/almaata_declaration_en.pdf) (Accessed: 24.08.2020).
6. Ramochnaya konvenciya VOZ po bor'be protiv tabaka [Who framework Convention on tobacco control], 2005. [Electronic resource]. Available at: [https://www.who.int/fctc/WHO-FCTC-summary\\_RU\\_Jul-2018.pdf](https://www.who.int/fctc/WHO-FCTC-summary_RU_Jul-2018.pdf) (Accessed: 24.08.2020).
7. Oslo Ministerial Declaration - global health: a pressing foreign policy issue of our time, 2007. [Electronic resource]. Available at: <https://www.diplomacy.edu/oslo-ministerial-declaration-global-health-pressing-foreign-policy-issue-our-time> (Accessed: 24.08.2020).

8. Health: an issue in global politics and international affairs. The Chatham House Centre on Global Health Security. [Electronic resource]. Available at: [https://www.chathamhouse.org/sites/default/files/media\\_wysiwyg/Centre%20for%20Global%20Health%20Security%20Prospectus.pdf](https://www.chathamhouse.org/sites/default/files/media_wysiwyg/Centre%20for%20Global%20Health%20Security%20Prospectus.pdf) (Accessed: 24.08.2020).
9. Fidler D.P. Health as foreign policy: between principle and power, Whitehead J Diplomacy Int Relat., 6, 179-194(2005).
10. Feldbaum H., Lee K., Michaud J. Global Health and Foreign Policy, Epidemiologic Reviews, 32, 82-91(2010).
11. Koplan J.P., Bond T., Merson M., Reddy K., Rodriguez M., Sewankambo N. Towards a common definition of global health, Lancet, 373, 1993-1995(2009).
12. Kickbusch I., Cassar Szabo M.M. A new governance space for health, Glob Health Action, 7. - P.10(2014).
13. Bozorgmehr K. Rethinking the 'global' in global health: a dialectic approach. Global Health, 6, P.19(2010).
14. Fidler D.P. The challenges of global health governance. (Council on Foreign Relations, New York, 2010).
15. Nye, J.S. Jr. The paradox of American power; why the worlds only super power can't go it alone. (Oxford University Press, New York, 2002, P. 8-9).
16. Health security. WHO. [Electronic resource]. Available at: <https://www.who.int/health-security/en/> (Accessed: 24.08.2020).
17. Celi ustojchivogo razvitiya OON [The sustainable development goals of the UN]. [Electronic resource]. Available at: <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/health/> (Accessed: 24.08.2020).
18. Rezolyuciya GA OON «Zdorov'e naseleniya mira i vneshyaya politika» [The UN GA resolution «global Health and foreign policy»] (A/RES/67/81). [Electronic resource]. Available at: <https://www.preventionweb.net/files/resolutions/N1251435.pdf> (Accessed: 24.08.2020).
19. Rezolyuciya GA OON «Preobrazovanie nashego mira: Povestka dnya v oblasti ustojchivogo razvitiya na period do 2030 goda» [The UN GA resolution «the Transformation of our world: The agenda for sustainable development for the period till 2030»] (A/RES/70/1). [Electronic resource]. Available at: [https://unctad.org/meetings/en/SessionalDocuments/ares70d1\\_ru.pdf](https://unctad.org/meetings/en/SessionalDocuments/ares70d1_ru.pdf) (Accessed: 24.08.2020)
20. Rezolyuciya GA OON «Zdorov'e naseleniya mira i vneshyaya politika: ohrana zdorov'ya predstavitelej naibolee uyazvimykh grupp naseleniya dlya postroeniya inklyuzivnogo obshchestva» [The UNGA resolution «global Health and foreign policy: protecting the health of the most vulnerable groups in order to build an inclusive society»] (A/RES/72/139). [Electronic resource]. Available at: <https://undocs.org/pdf?symbol=ru/A/RES/72/139> (Accessed: 28.08.2020).
21. Har'kov E.I. Osobennosti kachestva zhizni i psihologicheskie harakteristiki bol'nyh pozhilogo vozrasta s zabolevaniyami serdechno-sosudistoj sistemy i puti korrekciyi poslednih [Features of the quality of life and psychological characteristics of elderly patients with diseases of the cardiovascular system and ways to correct the latter], Rossijskij kardiologicheskij zhurnal [Russian journal of cardiology], 3, 53-57(2010).
22. Kaplan R.M., Bush J.W. Health-related quality of life measurement for evaluation research and policy analysis, Health Psychology, 1, 61-80(1982).

**A.M. Карпенко**

Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Санкт-Петербург, Ресей

### **XXI ғасырдағы әлемдік саясат контексіндең жаһандық денсаулық сақтаудың дамуы**

**Аннотация.** Мақалада автор қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің ішінде адам денсаулығын сақтау және нығайту мәселесі маңызды орынта ие екендігіне назар аударады, ойткені, бір жағынан, бұл адам өмірінің бастауынан көрініс табатын байырғы проблемалардың бірі, ал екінші жағынан, бұл проблема басқалармен салыстырыланғанда өте маңызды, себебі ол бүкіл адамзат өмірімен тікелей байланысты. Яғни, біз адамның басты құндылығы – адам өмірі туралы айтып отырмыз.

Автор мақалада қазіргі жаһандық проблемалар көбінесе біздің планетамыздың тұрғындарының денсаулығына қауіп төндіреді деп мәлімдейді. Нәтижесінде XXI ғасырда әлемдік қоғамдастықтың алдында қауіпсіздіктің жаңа өлшемдерін және адам денсаулығы мен қауіпсіздігінің негізгі басымдығын ескере отырып, жаһандық қауіпсіздік жүйесін құру мен нығайтудың өзекті міндеті тұрды. Сондықтан

«жаһандық денсаулық сақтау» үғымын талдау үшін терминнің өзін қазіргі әлемдік саяси тұжырымдамалар түрғысынан зерттеу керек. Мақалада Автор «жаһандық денсаулық сақтау» саяси тұжырымдамасына талдау жасайды, оның қалыптасу эволюциясын зерттейді және оның өткені мен қазіргі жағдайының әртүрлі факторларының динамикасын бағалайды.

**Түйін сөздер:** жаһандық денсаулық сақтау, әлемдік саясат, адам қауіпсіздігі, жұмсақ күш, пандемия.

**A.M. Karpenko**

*Saint Petersburg State University, Saint Petersburg, Russia*

### **Development of global health in the context of world policy in the XXI century**

**Abstract.** In the article, the author emphasizes that among the global problems of our time, the problem of protecting and promoting human health occupies an important place, since, on the one hand, it is one of the oldest problems that man has faced since the very beginning of his existence, and on the other hand, this problem is of paramount importance in comparison with the rest, since it is directly related to the life of the entire human race. In other words, we are talking about the main human value – human life.

The author claims in the article that modern global problems are mostly a threat to the health of the population of our planet. As a result, the world community in the twenty-first century faces the urgent task of creating and strengthening a global security system, taking into account new dimensions of security and a key priority for human health and safety. Therefore, in order to analyze the concept of «global health», it is important to study the term itself in the context of modern world policy concepts. The author analyzes the political concept of «global health», studying the evolution of its formation and assesses the dynamics of various factors of its past and present state.

**Keywords:** global health, world politics, human security, soft power, pandemic.

#### **Information about author:**

**Карпенко А.М.** – аспирант факультета международных отношений, Санкт-Петербургский государственный университет, ул. Смольного 1/3, подъезд 8, Санкт-Петербург, Российская Федерация.

**Karpenko A.M.** – post-graduate student of the faculty of international relations, Saint Petersburg State University, 1/3 Smolny street, entrance 8, Saint Petersburg, Russian Federation.

Ж.Қ.Керімова<sup>1</sup>, Е.А.Ахапов<sup>1</sup>, К.Шимидзу<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Тоттори Университеті, Тоттори, Жапония

(E-mail: zhansayakerimova@gmail.com)

## Киото әко-модель қаласының әко-сақсатындағы көлік секторының талдауы

---

**Аннотация.** Дүние жүзі бойынша ғаламдық жылынуга қарсы шаралар қолға алынып, әр мемлекет, әр қала өз территориясында СО<sub>2</sub> бастаған парниктік газдардың бөлінуін барынша азайту үшін тырысуада. Бұл гылыми еңбек сондай мемлекеттердің ішінде Жапонияның бүрінші астанасы, әрі Киото хаттамасы қабылданған қала –Киото әко-модель қаласының көлік саласындағы әко-сақсатына арналған. Әко-сақсатын зерттеуде авторлар қала әкімдігінің маңызды ресми құжаттарына негізделіп, ең маңызды саяси шараларын анықтады. Зерттеу барысында қала әкімдігі көлік секторында қандай шаралар жүргізіп жатқанымен гана емес, олардың қандай баға берілгені айқындалды. Жапонияның әко-модель қалалары жайлы ақпарат, негізінен, жапон тілінде болғандықтан, зерттеушілердің негізгі ақпаратқа қол жеткізуі шектеулі. Сол себепті бұл мақалада біршама тың мағлімет ұсынылады.

**Түйін сөздер:** Жапония, Киото, әко-модель қала, әко-сақсат, көлік секторы, СО<sub>2</sub>

DOI: <https://doi.org/10.32523/26-16-6887/2020-132-3-20-62-75>

---

**Кіріспе.** Жапон үкіметі дүние жүзін алаңдатып отырған парниктік газдардың әмиссиясын азайтуда үлгі боларлық модель қалаларды таңдаپ, қолдау көрсету мақсатында 2008 жылы «Әко-модель қала» жобасын жасап шығарды [1]. Әко-модель қалаларға тән басты сипаттар төмендегідей:

- Ішшам қалаға айналдырудагы қайта жоспарлау (көлік құралдарының жаяу жетуге болатын қауымдастық);
- Көлік инфрақұрылымын жақсарту (LRT<sup>1</sup> мен EV<sup>2</sup> секілді қоғамдық көліктер);
- Тұрғын үй стиліндегі өзгеріс (соңғы 200 жылға есептелеip салынған үйлер, энергия үнемдейтін үйлер, отындық элемент);
- Жаңғырмалы энергияны тұтынудың кең таралуы (күн қуаты, жел қуаты, биомасса және т.б.);

- Ормандардың сақталуы мен кәдеге жаратылуы (көміртекті есепке алу, жергілікті тұтыну үшін жергілікті өндіріс).


Ал басты талаптар төменде көрсетілген:

- Парниктік газдарды азайтуда өршіл мақсат қою;
- Тұңғыш жаңашыл модель ретінде керемет әрекет ету;
- Аймақтық бейімделгіштік;
- Бірқалыпты жүзеге асырылуының толық орындалуы;
- Қалалар мен қауымдастықтардың жаңартылуынан демеу алған тұрақты әрі автономды әрекеттер [2].

2008-2013 жылдар аралығында 23 қала таңдалды [3], әрбір қала өзінше өрекшे мақсат пен оған жетер жолды ойластырған (*Сурет 1*).

---

<sup>1</sup> Light Rail Transit  
<sup>2</sup> Electric vehicle



**Сүрет 1. Жапонияның эко-модель қалалары**

Дереккөз: Japan for Sustainability ресмисайты [https://www.japanfs.org/ja/projects/future\\_city/index.html](https://www.japanfs.org/ja/projects/future_city/index.html)

Соның ішіндегі Киото қаласының экосаясаты, көлік секторындағы біршама қызығушылық тудыратын саяси шаралар зерттеу нысанына айналды.

**Гылыми зерттеу әдіснамасына** тарихи-салыстырмалы әдіс, статистикалық мәліметтерге талдау, Киото әкімдігінің ресми құжаттарын шолу әдісі жатады. Басты құжаттардың қатарына: Киото эко-модель қаласының әрекеттер жоспары (2009), Киото эко-модель қаласының әрекеттер жоспары (II кезең, 2014), Киото эко-модель қаласының әрекеттер жоспары (II кезең, 2017), Киото қаласының автокөліктік-экологиялық шаралар жоспары (2011), жатады.

**Тақырыпты тандауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері.** Киото қаласы

аумағының ¾ бөлігін орман алғып жатқан, керемет сұлұлығымен танымал табиғаты мен 1200 жылдан аса тарихы бар, дәстүр мен мәдениетке бай қала болып табылады. Жылына бес миллиондай турист баратын халықаралық мәдени туристік аймақтың қатарына жатады. Сонымен қатар, СОРЗ өткен, әрі Киото хаттамасының «отаны» ретінде Жапония бойынша алғаш болып Ғаламдық жылынуға қарсы Ереже (ары қарай – Ереже) қабылдады, шағын және орта кәсіпорындар үшін жүргізілуі жөніл экологиялық менеджмент жүйесін (KES – Экологиялық менеджмент жүйесінің стандарты) құрды. СОРЗ өтүнің естелігі ретінде құрылған «Киото экологиялық орталығы» (жап. 京エコロジーセンター, оқылуы: *Kyoto ekoroji: senta:*) экологиялық білім


мен әрекетті қолдауда үлкен маңыздылыққа ие болды. Осылайша Киото қаласы бірталай бастамалар мен жобаларды жетекші болып жүргізіп келеді [4]. Сол себепті Киото әко-модель қаласының көлік секторындағы ең тиімді экологиялық саясатын анықтау зерттеудің мақсаты болып табылады. Ол үшін келесі міндеттерді орындау қажет: Киото қаласы әкімдігінің қабылдаған ресми құжаттарын зерделеу; қабылданған, түзету енгізілген ресми құжаттардағы ақпараттарға салыстырмалы талдау жүргізу, жүргізілген шаралар мен әрекеттердің нәтижесін анықтау. Бұл зерттеудің маңыздылығы келесіде: біріншіден, Жапонияндағы 23 әко-модель қаласына қатысты ресми құжаттар, қажетті ақпараттар тек жапон тілінде берілген; екіншіден, жоғарыдағы бірінші себепке байланысты, ғалымдардың әко-модель қалаларға қатысты жүргізген зерттеуі шектеулі; үшіншіден, ағылшын тіліндегі ақпараттар, зерттеулер болғанымен, 23 қаланың ішінде ең ірі, әрі кеңінен танымал Йокогама және Китакюшо қалалары жайлы ғана жазылған. Сондықтан Киотоқаласының қоршаған ортанды қорғауда жүргізіп отырған саясатын зерттеу өзекті болып табылады.

**Нәтижелері мен талқылама.** Киото қаласы заманауи қалалардың қатарына жататындықтан, қолайлылықтың артуымен қатар, қалалану, туристік жерлердің көптеп шоғырлануына орай көліктік кептеліс, отбасы санының артуына орай түрмистық және

коммерциялық секторда қалдықтар мен көмірқышқыл газы бөлінуінің артуы секілді үрдістер орын алғып келеді [4]. Сол себепті төмен көміртекті қогам құруда батыл қадам мен тиімді шаралар қажет.

Төмендегі суретте Киото қаласының 2020 жылға дейін 1990 жылмен салыстырғанда CO<sub>2</sub> көлемін 25%-ға төмендетуді көздегені және ол үшін әр секторда қаншалықты төмендету көректігі көрсетілген (Сурет 2).

Ал орта және ұзақ мерзімді мақсаттық көрсеткіштерге келетін болсақ, Киото қаласы 1990 жылмен салыстырғанда көмірқышқыл газының бөлінуін 2020 жылға дейін 25%, 2030 жылға дейін – 40%, 2050 жылға дейін 80%-дан жоғары қысқартуды көздең отыр. Осы көрсеткіштерді Жапонияның көздеген көрсеткішімен салыстырсақ, төмендегі кестеден қала мен елдің мақсаттарында қаншалықты айырмашылықтың барын байқауға болады (Кесте 1). Киото қаласы 2030 жылға дейін 1990 жылмен салыстырғанда көмірқышқыл газының бөлінуін 40%, 2013 жылмен салыстырғанда 40.6%-ға төмендетуді көздесе, Жапония мемлекет ретінде 1990 жылмен салыстырғанда 18%, 2013 жылмен салыстырғанда 26%-ға азайтуды көздең отыр. Байқағанымыздай, Киото қаласы мемлекеттің қойған мақсатынан әлдеқайда жоғары көрсеткішті ұсынған. Сол себепті қаланың жоғарыда айтылған мақсатына жетудегі ең басты саяси шаралары мен бастамалары қызығушылық тудырады.



Сурет 2. 2020 жылға дейін сектор бойынша CO көлемін азайту мақсаты

Дереккөз: <https://www.city.kyoto.lg.jp/>

### **Кесте 1. Киото мен Жапонияның CO<sub>2</sub> көлемін төмендетудегі көздеген мақсаттық көрсеткіші**

2030 жылға дейін	1990 жылмен салыстырғанда	2013 жылмен салыстырғанда
Киото	40%	40.6%
Жапония	18%	26%

Дереккөз: <https://www.city.kyoto.lg.jp/>

Алдымен, Киото қаласының ғаламдық жылынуға қарсы бағытталған шаралар жайлыш ережелері мен жоспарларының тарихымен танысадайық (Кесте 2):

### **Кесте 2. Киото қаласының ғаламдық жылынуға қарсы шараларға қатысты негізгі құжаттар**

УАҚЫТЫ	ҚҰЖАТ АТЫ
1997 ж. (жапон жылнамасы Хейсей:9 ж.)	Киото қаласы ғаламдық жылынуға қарсы шараларды аймақтық ынталандыру жоспары
2003 ж. (Хейсей:15 ж.)	Киото қаласы ғаламдық жылынуға қарсы шаралар жөнінде аймақтық ынталандыру жоспары (түзету енгізілді)
2004 ж. (Хейсей:16 ж.)	Киото қаласы ғаламдық жылынуға қарсы шаралар жөніндегі бұйрық (қабылданды)
2006 ж. (Хейсей:18 ж.)	Киото қаласы ғаламдық жылынуға қарсы шаралар жоспары
2009 ж. (Хейсей:21 ж.)	Киото эко-модель қаласының әрекеттер жоспары
2010 ж. (Хейсей:22 ж.)	Киото қаласы ғаламдық жылынуға қарсы шаралар жөніндегі бұйрық (толық түзету енгізілді)
2011 ж. (Хейсей:23 ж.)	Киото қаласы ғаламдық жылынуға қарсы шаралар жоспары (2011-2020)
2012 ж. (Хейсей:24 ж.)	Киото қаласының әкімдігі CO <sub>2</sub> -ні азайту бастамасын орындау жоспары
2013 ж. (Хейсей:25 ж.)	Киото қаласы энергия саясатын ынталандыруға арналған стратегия
2014 ж. (Хейсей:26 ж.)	Киото эко-модель қаласының әрекеттер жоспары (II кезең, құрылды)
2017 ж. (Хейсей:29 ж.)	Киото эко-модель қаласының әрекеттер жоспары (II кезең, түзету енгізілді)

Дереккөз: <https://www.city.kyoto.lg.jp/>

Бұдан бөлек түрлі саладағы өзге де маңызды жоспарлар қабылданған, олар:

- Киото қаласының әр ауданының негізгі жоспары (2010 ж.);
- Қоршаған ортамен қатар өмір сүруді ынталандыру жоспары (2006 ж.);
- Киото қаласының автокөліктік-экологиялық шаралар жоспары (2011 ж.);
- Киото қаласының қайта өңдеуге негізделген қоғамды ынталандыру жөніндегі негізгі жоспары (2009 ж.);
- Киото қаласы биомассаны қолдануды ынталандыру жоспары (2010 ж.);
- «Серуенқаласы-Киото» интеграцияланған көлік стратегиясы (2009 ж.);
- Киото қаласы автокөліктік интеграцияланған жоспары (2009 ж.)[5].

Киото қаласы өзін болашақта келесі алты бейнеде елестетеді:

1. Адамдар мен қоғамдық көліктерге басымдық берілген, жаяу жүріп тамашалайтын қала;
2. Орманда жаңғыртып, «агаш мәдениетін» қадірлейтін қала;
3. Энергия өндіретін, аймақтық қайта өңдеу қаласы;
4. Коршаған ортаға жайлыш өмір сүру салты;
5. Қоршаған ортаға жайлыш экономикалық қызмет;
6. Қоқыстардың азаюы.

Бұл зерттеу жұмысында Киото қаласының үшбейнесін (адамдар мен қоғамдық көліктерге басымдық берілгенқала, жаяу жүріп

тамашалайтын қала, қоршаган ортағасай жайлы өмір сүру салты және қоқыстардың азайған қала) жүзеге асырудагы саяси шараларды қарастырамыз. Шараларды жүзеге асыруда әкімдік өз тарапынан ғана емес, түрлі стейкхолдерлердің қолдауына жүтінеді, сол себепті олардың рөлі нақты белгіленген. Сол себепті кімдер қандай рөл атқаратынына көз жүгіртпі өтейік:

### 1. Тұрғындар.

Ғаламдық жылыну проблемаларына деген қызығушылықты арттырып, түсінігін тереңдетумен қатар, күнделікті өмірдегі ресурстар мен энергияны үнемдеу әрекеттерін іс жүзінде жүргізу, жаңғырмалы энергияны қолданысқа енгізу, ресурстар мен энергияны үнемдейтін өнімдер мен қызметті қолдануды бастайды.

Сонымен қатар аймақтық қауымдастықтар, қоршаган ортаны қорғау топтары және т.с.с. үйымдардың ғаламдық жылынудың алдын алу қызметіне белсенді түрде қатысумен қатар, кәсіпкерлер мен үкіметтік биліктің жүргізетін ғаламдық жылынуга қарсы шараларына жәрдемдесу, ынтымақтастық орнату күтіледі.

### 2. Кәсіпкерлер.

Өндіру, тарату, қолдану/тұтыну, қайта өңдеу, тастау сынды кәсіпкерлік қызметтің барлық сатысы арқылы ресурстар мен энергияны үнемдеу әрекеттерін іс жүзінде жүргізу, жаңғырмалы энергияны қолданысқа енгізу, ресурстар мен энергияны үнемдейтін өнімдер мен қызметті қолдануды бастайды.

Электр қуаты және газды жеткізетін кәсіпкерлер Киотоқаласында қамтылған энергия мен үнемделген энергия көлемі жайлы мәліметпен белсенді түрде қамтамасыз ету, төмен көміртекті энергияны тұрақты жеткізе бастайды.

Арнайы белгіленген кәсіпкерлерге (жап. 特定事業者, оқылуы: tokutei jigyo:sha) үш жыл сайын парниктік газдардың эмиссиясын азайту бойынша жоспар құру, шараларды жүзеге асыру жағдайы мен азайтылған нәтижесін мәлімдеу міндеті артылған.

### 3. Киото қаласы әкімдігі.

Аудандық әкімдіктер тұрғындар мен кәсіпкерлердің ғаламдық жылынуга қарсы

шараларды орындауда қолдау көрсету, бақылау, ынталандыру беретін жүйелер құру секілді қажетті шараларды жүргізеді. Сонымен қатар, жобаларды тиімді жүргізу үшін ел бойынша, көрші префектуралар мен өзге әко-модель қалалармен байланыс, қала тұрғындары мен кәсіпкерлерімен серіктестік орнату, жоспарлардың орындалу жағдайын қадағалау, бағалау және нәтижесін жариялау міндеті артылған.

### 4. Коршаган ортаны қорғау топтары.

Тұрғындар, кәсіпкерлер мен жергілікті билік арасындағы байланысты орнатуда жәрдемдесу, биліктің сәйкесінше әрекет ете алмаған тұсында шапшаң әрекет ету іспеттес қоршаган ортаны қорғаудың нақты әрекеттерін жүргізу міндеті жүктелген.

### 5. Туристер мен өзге резиденттер.

Тұрғындар, кәсіпкерлер мен жергілікті билік, қоршаган ортаны қорғау топтары жүргізетін ғаламдық жылынуга қарсы шараларда жәрдемдесу міндеті артылған[6].

2017 жылғы түзетілген жоспарда тағы бір стейкхолдерді ескеріп, тізімге қосқан. Ол – университеттер мен зерттеу мекемелері. Ал энергиямен қамтитын кәсіпкерлердің кәсіпкерлер тобынан алып, бөлек қарастыратын болды.

### 6. Университеттер мен зерттеу мекемелері.

Қала халқының шамамен 10%-ы студенттер болғандықтан, даралығына, тартымдылығына, өміршендігіне толы «университеттер мен студенттер қаласы атанған Киотоны» одан әрі дамытуға үлес қосады. Университеттер мен студенттер өзге де стейкхолдерлермен бірлесіп, ғаламдық жылынуга қарсы бастамаларды одан әрі дамытады. Сонымен қатар, индустрия-зерттеу институттары-қоғамның байланысының арқасында қоршаган орта мен энергия саласындағы ең жаңа технологиялардың зерттеуін дамыту мен іс жүзінде қолдануды ілгерілетеді [5].

Киото қаласы жоғары көрсетілген мақсаттық көрсеткіштерді белгілеуде *Back casting* әдісін қолданған. Төмен көміртекті қоғамды орнату үшін үлкен әлеуметтік төңкеріс керек. Өткен және қазіргі заманының

тенденциясын қарастырмайды. Алдымен, мақсатқа қол жеткізген жағдайды суреттейді, сол болашақты негізгі бастау нүктесі ретінде алып, артқа қазіргі заманға қайтады, осылайша қандай жолды жүріп өту керектігі, қандай шара қолдану қажеттігі айқындалады. Соны «Back casting» деп атайды [6].

Киото қаласының ғаламдық жылынуга қарсы шараларының жүйесін қарастыратын болсақ, екі түрлі шаралардан тұрады. Олар: ластану деңгейін тәмендеду шаралары (жап. 緩和策, оқылуы: kanwasaku, ағыл. mitigation measures) мен бейімделу шаралары (жап. 適応策, оқылуы: tekiousaku, ағыл.adaptation measures). Ластану деңгейін тәмендеду шаралары деп ғаламдық жылынудың басты себебі болып табылатын парниктік газдардың эмиссиясын шектеуге арналған саяси шараларды айтамыз. Ол шаралардың ең тиімдісін жүргізгендемен, парниктік газдардың шоғырлануының тәмендеуіне уақыт қажет, сол себепті біршама дәрежеде жылынудың ықпалын сезінуге тұра келеді. Соған орай ғаламдық жылынудың салдарынан орын алған климаттың өзгеруінің әсерінен болатын зардаптың алдын алу шаралары, яғни бейімделу шаралары жүргізіледі.

Тәменде көрсетілген шаралар ластану деңгейін тәмендеду шаралардың қатарына жатады. 3-кестеде 2014 жылы жасалған әрекеттер жоспарында көрсетілген саяси шаралар болса, 4-кестеде 2017 жылы жасалған әрекеттер жоспарында берілген саяси шаралар болып табылады. Саны түрлі болғанымен, жалпы мазмұны бірдей екені анықталды.

### Кесте 3. 2014 ж. шаралар жүйесі



### Кесте 4. 2017 ж. шаралар жүйесі



Дереккөз: <https://www.city.kyoto.lg.jp/>

Парниктік газдардың шығарылымын шектейтін саяси шаралар ретінде үш жоба ұсынылған: I жоба – 2020 жылы мақсаттық көрсеткішке жетуге бағытталған саяси шаралар; II жоба – орта мерзімді болашаққа (2030-2040 жылдар) негізделген саяси шаралар; III жоба – ұзақ мерзімді болашаққа (2050 жылдан кейін) негізделген саяси шаралар. Пирамидада көрсетілген шаралар мен бастамалар алғашқы екі жобаны жүзеге асыруға арналған.

Жоғарыда аталған бірінші қоғамдық бейне жайына келетін болсақ, ол келесідей сипатталады:

- Қолдануға жайлы қоғамдық көліктер мен жаяу жүрудің тартымдылығына толы, адамдар жаяу жүріп өмір сүрудің маңыздылығын түсінетін, адам мен қоғамдық көліктерге басымдық берілген .

- Автокөліктерді пайдалануды шектеу сияқты түрлі шектеу саясаты арқылы автокөліктердің жалпы санын азайту, қолданыстағы автокөліктер әлектрмобиЛЬ бастаған экокөліктерге ауысу.

Тәмендегі кестеге (Кесте 5) қарасақ, 2020 жыlda күтілетін нәтиже берілген[5]. Соның ішіндегі автокөлік жана майының тиімділігіне тоқталып кетуді жөн көріп отырымыз. Кестеге сәйкес, бастапқы көрсеткіш – 17,1 км/л, мақсаттық көрсеткіш – 29,5 км/л. Ал 2011-2020 жылдарға арналған Киото қаласы ғаламдық жылынуга қарсы шаралар бағдарламасына сәйкес, бастапқы көрсеткіш – 18,7 км/л, мақсаттық көрсеткіш – 21,5 [7]. Бұл жерде көніл аударатын жайт – бастапқы көрсеткіштерінде

аздаган айырмашылық болғанмен, мақсаттық көрсеткіште айтарлықтай айырмашылық бар. Сонымен қатар, әрекеттер жоспарына сүйенсек, бағдарламада көрсетілген мақсаттық көрсеткішке 2014 жылы жетіп, жүзеге асырған.

Енді осы нәтиеге жету жолында қандай шаралар қолданылғанына келер болсақ, бірінші, ынталандыру саясаты қолданыстағы қогамдық көліктердің жайлышының арттыруға бағытталған. Киото қаласында тұратын және саяхаттаң келген барлық адамның жағымды да жайлыш қогамдық көліктерді қолдануына жағдай жасаумен қатар, көліктердің санын азайту, сол арқылы туристік орталық пен қаланың ішіндегі кептелісті жою, сонымен қатар қогамдық көліктер жүрмейтін аймақтарға қолдау көрсетіп, көлік құралдарымен қамтамасыз ету арқылы тұрғындар мен туристер «серуендең тамашалайтын Киотоның» тартымдылығының арттыру көзделеді.

Қогамдық көліктердің жайлышының арттыру жайындағы нақты саяси шараға келер болсақ, қала ішіндегі тасымал бойынша кәсіпкерлермен байланыс орнату арқылы желі құрып, барлық тұрғындар мен туристердің жайлыш қоғамдық көліктерді пайдалануына жағдай жасауга негізделген.

Төменде нақты бастамалар берілген:

1. Темір жол мен автобустардың ынғайлылығының арттыру

Киото қаласының территориясында жүргізілген темір жол мен автобустар саласы бойынша кәсіпкерлермен өзара байланыс орнату арқылы жүйелі түрде автобустардың уақыт кестесі, аялдамалар, ақпарат тақталары және т.б. реттеп, қогамдық көліктердің қолайлылығының арттыруды жоспарлайды.

2. Қоғамдық көліктер аз не жоқ аймақтарда сәйкес шараларды қарастыру.

Қартқіслер бастаған жол қозғалысына әлсіз жандардың қауіпсіз тасымалы мен аймақтың

#### Кесте 5. Негізгі бастамалардың 2020 жылда күтілетін нәтижесі (Киото қ.)

Бастамалар тиімділігі	2020 жылға дейін күтілетін тиімділіккөрсеткіші		
Коғамдық көліктердің басым қолданысынан автокөліктер санының азауы	<b>2014 жылмен салыстырғанда CO<sub>2</sub>-нің азауы</b>		
	2010 жыл → 2014 жыл → 2020 жыл	24.3%* <sup>1</sup> → 21.3%* <sup>2</sup> → 20%-дан төмен	▲39 мың т. CO <sub>2</sub>
Экокөліктің таралуы	13 000	→ 51 000 → 120 000	*1: 5-нші Кинки аймағының адам сапары зерттеуі
Автокөлік жанармайының тиімділігі	17.1 км/л → 22.4 км/л → 29.5 км/л		*2: Киото қаласының жеке зерттеуі
Экожүргізушилердің жариялауының көбеюі	экокөліктің таралуы мен автокөлік жанармайының үнемделуінің жақсаруын қосқанда ▲143 мың т. CO <sub>2</sub>		
Темір жол не жеткізу компаниялары жұмыс барысында велосипедті қолдануы және үйге дейін жеткізу кезінде қайта жеткізуді азайту	▲23 мың т. CO <sub>2</sub>		
Дереккөз: <a href="https://www.city.kyoto.lg.jp/">https://www.city.kyoto.lg.jp/</a>	▲8 мың т. CO <sub>2</sub>		

жандануы үшін тұрғындар, кәсіпкерлер мен жергілікті үкімет бірлесе отырып, солтүстіктең таулы ақмақта қозғалыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарын ілгерілетеді.

Екінші ынталандыру саясаты жаяу жүргіншілерге басымдық берілген қаланы құруға бағытталған. Қарттар мен мүгедек адамдар бастаған барлық тұрғындар мен туристер тарихи ізі қалған, төрт маусымның өзгерісін Киотоның қауіпсіз әрі жайлы ортасында тамашалай алатын қаланы құруды көздейді.

«Серуендең тамашалайтын Киотоның» қолдауы болатын жаяу жүргіншілерге арналған кеңістіктерді кеңейту жайлы нақты саяси шараны айтар болсак, олар қолданыстағы кеңістіктердің қызметін қайта қарастырады, жаяу жүргіншілерге арналған кеңістікті кеңейту және жақсарту, қозғалыстың қауіпсіздігін арттыру арқылы жайлы да қауіпсіз кеңістікпен қамтамасыз етеді. Ал нақты бастамаларға келер болсак, төменде көрсетілгендей:

**3. Қауіпсіз кеңістікті құруды ынталандыру.**

Көптеген тұрғындар мен туристер қолданатын тар көшелердегі автокөліктер санын шектеу, Хигашиоджи және өзге де көшелерде серуен кеңістігін жақсарту арқылы жайлы да қауіпсіз кеңістік құрылады.

**4. Нишиоджи бекеті бастаған өзге де бекеттерде «кедергісіздікті» (ағыл. barrier-free) ынталандыру.**

Қарттар мен мүгедек адамдардан бастап кез келген адам қоғамдық көлікке отырып, еш кедергісіз жүргуге болатын әмбебап қоғамды көздейді.

Автокөліктердің кіруін шектеу және болашақ қоғамдық көліктерді жақсартуға қатысты келесі нақты саяси шара әр аймақтың ерекшелігіне қарай жолдардың қолданылуын зерттейді, автокөліктердің қолданылуын шектейді. Киото қаласына болашақта қажет болатын қоғамдық көліктерді талдау үшін арнайы жүйе дайындалап, әрбір ауданның ерекшелігіне сай қоғамдық тасымалды жүзеге асырады.

**5. Park and Ride-ты дамыту арқылы автокөліктердің кіруін шектеуді ынталандыру.**

Жыл бойы жүргізу арқылы туристік маусым кезінде жолдардың кептелісінің алдын алу және жолды ақылы қылу арқылы автокөліктердің кіруін шектеу.

**6. LRT, BRT секілді жаңа қоғамдық көлік бастамасы.**

Киото қаласына сәйкес қоғамдық тасымал саласын жақсарту мақсатында LRT, BRT секілді жаңа көлік құралдарын енгізуге бағытталған бастамалар қолға алынады.

**7. ICT-ді пайдаланып, Киото қаласының қозғалысын зерттейтін «Киотоның болашақ қозғалысын инновациялық зерттеу үйімін» басқару.**

Индустрія-зерттеу институттары-қоғамның қарамағында ICT-ді (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) қолдана отырып, қаладағы қозғалысқа қатысты ақпаратты жинап, біріктіреді. Ол ақпаратты пайдаланып, адамдар мен заттардың қауіпсіз, жайлы да тиімді тасымалы үшін үлес қосатын технологиялар мен қызмет түрлерін дамытуға бағытталған зерттеуді жүргізеді.

Ушінші насиҳаттау саясаты жаяу қызықтайтын өмірді бағалайтын өмір салтына ауысуға арналған. ««Серуен қаласы – Киото» хартиясын» халық арасында кеңінен тарату, Mobility Management арқылы серуендең өмір сүрудің маңыздылығын түсінетін өмір салтына ауысуды жоспарлайды. Ол үшін келесі нақты бастамалар қарастырылған.

**8. Мектептік білім, іс-шаралар, сауда орындарында ««Серуен қаласы – Киото» хартиясын» кеңінен тарату.**

Серуендеу өзекке айналған өмірге ауысу үшін әрекеттер үлгісіне айналатын «Серуен қаласы–Киото» хартиясы жайлы мектептерде, іс-шараларда, сауда орындарында және т.б. орындарда памфлеттер мен өзге ағарту құралдарын тарату, хабарландыру және бейнероликтерді көрсету секілді жұмыстар үзак уақыт бойы жүргізіледі.

Женіл көліктерге сүйенген өмірден серуендеуге негізделген өмір салтына ауысу үшін тұрғындар, кәсіпкерлер, биліктегі тұлғалар бірігіп, Mobility Management-ті кең ауқымды, әрі жүйелі түрде жүзеге асырады.

9. Тұрғындар, туристер мен кәсіпорындарды нысанға алып, серуенде тамашалайтын өмірге ынталандыру үшін және қоғамдық көліктерді қолдану кезінде қажетті ақпаратты тұтынушының көзқарасынан талдап берумен қатар, өмір салтын өзгертуге әрбір азаматты жеке-жеке ынталандыру үшін әрекеттер моделін ұсыну қолға алынады, тым көп женіл көліктердің саны шектеледі.

Төртінші насиҳаттау саясатын айтатын болсақ, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қатар өмір сүретін қаланы құруға қатысты болады. Оған сәйкес, қоршаған ортаға зияны жоқ велосипедтерді баладан қарт кіслерге дейін қолданатын ортаны дайындау арқылы велосипедтердің маңыздылығын арттыру көзделеді. Жаяу жүргіншілер де алаңсыз серуендей алатында ортаны дайындау үшін велосипедтердің апатына қарсы шаралар қолға алынады. Сол себепті велосипедті қолдану ережелерін тарату қажет.

Велосипедтерді қолданатын ортаны дайындау жөніндегі нақты саяси шара адамдар көптеген жиналатын жерде жаяу жүргіншілер мен велошабандоздар қауіпсіз, әрі алаңсыз етуі үшін велосипедтерді қолдану ортасын дайындауды. Сонымен қатар, туристер үшін қолайлылықты арттыру мақсатында велосипедтерді жалға беру сияқты түрлі жүйелерді әзірлейді.

10. Киото қаласының өзгешелігіне тән велосипедті қолдану ортасын жабдықтау.

Маңызды аудандардың (қала орталығы, Сайин ауданы, Ракунан ауданы) негізгі жолдарында велосипедтердің жүруіне қатысты ұсыныс жасау, тар көшелерде жол бойына белгілерді (пиктограммалар) ілу секілді жұмыстармен қатар, велотұрақтар қажетті аймақтарда санын арттыру секілді аудандардың ерекшеліктеріне сай жұмыстар орындалады.

11. Киото қаласына сай қауіпсіз де жайлы велосипедтерді жалға беру жүйесін жүзеге асыру

Велосипедтерді жалға беру бойынша жеке кәсіпкерлер санын көбейтіп, Киото қаласында жалға беру жүйесін жүзеге асыруды көздейді.

Велосипедтерді қолдану ережелерін кеңінен тарату жөніндегі нақты саяси шараға сәйкес, ережелерді білу, оку мүмкіндігін беру, велосипедтік сақтаңдыруды міндетті ету секілді шаралар арқылы апартардың алдын алу, қауіпсіздікті қамтамасыз ету насиҳатталады.

12. Велосипедтік сақтаңдыруды міндетті ету және ережелерді сақтауга бағытталған Kyoto cycle pass (уақытша атап) жүйесін құру.

Велосипедтік сақтаңдыруды міндетті етумен қатар, ережелерді сақтауға бағытталған велосипедтерді қауіпсіз қолдануды оқытатын жаңа бағдарлама құрылады; кішкентай балалардан бастап қарт кіслерге дейін әр үрпақ буынына ереженің негізгі пункттерін түсінікті етіп жеткізумен қатар, велосипедтерді қауіпсіз айдау курсынан өткендерге велотұрақтарға женілдік беру секілді артықшылықтарды ұсынатын Kyoto cycle pass жүйесін құру көзделеді.

13. Әрбір адамды велосипедке отырғызып, қауіпсіз қолдануды үйрететін тұрақты велосипед орталығын ашу.

Велосипедтерді дұрыс қолданып, апатқа түспеу және оның алдын алуғашін балалар мен мүтедектерге, яғни кез келген адамға қажетті білім мен практиканы беретін тұрақты велосипед орталығы (оку орны) құрылады.

Бесінші насиҳаттау саясатын қозгайтын болсақ, ол қоршаған ортағазияның, жана май шығының үнемдейтін әкокөліктерге ауысады көздейді.

Экокөліктерді енгізуі үдеть жөніндегі нақты саяси шара бойынша, электромобилдерге (EV) арналған зарядтау жабдықтары, отындық элемент негізіндегі автокөліктерге (FCV) арналған сутегі бекеттерін орнату секілді экокөліктердің кеңінен таралуына бағытталған инфрақұрылымдарды дайындау жүзеге асырылады. Сонымен қатар, автокөліктерді сатып алу не жаңарту кезінде қоршаған ортаға зияны аз экокөліктерді таңдауы үшін сұраныс білдіруші мен ұсыныс жасаушыға тиімді жағдай жасалады.

14. Электромобилдің енүін үдеть.

Жеке кәсіпкерлердің меншігіндегі тұрғын үй кешендері, автотұрақтар, сауда мекемелерінде зарядтау жабдықтарын

орнатуды үдетіп, электромобилдердің таралуына бағытталған инфрақұрылымдарды дайындалап, тасымалмен айналысатын кәсіпкерлерге электромобилдерді сатып алуына қолдау көрсету жүзеге асырылады.

15. Отындық элемент негізіндегі автокөліктердің (FCV) енуін үдету.

Қолдану кезінде зиянды газдарды бөлмейтін, әрі болашақ энергиясы ретінде үлкен үміт артылатын «сутегі энергиясын» көнен тарату үшін FCV енуін жеделдешу, сутегі бекеттерін тарту, отындық

- Киото қаласы қаладагы жүктасымалдаушылар жук көліктерінен бөлінетін көмірқышқыл газ бастаған түрлі улы газдардың шыгарылымын азайту мақсатында төмен эмиссиялық техниканы (табиги газбен жүретін көліктер, гибридті көліктер) сатып алу кезінде қажетті қаражаттың бір бөлігін «төмен эмиссиялық көліктердің таралуын ынталандыру субсидиясы» ретінде ұсынады. Ол – жыл сайын берілетін субсидия және оның өткен жылғы көлемін төмендейтін кестеден көргөте болады (Кесте 6) [8].

#### Кесте 6. «Төмен эмиссиялық көліктердің таралуын ынталандыру субсидиясы» (2019)

2019 жылғы субсидия			
Көлік түрлері	Автокөліктің ең жоғары жүктөрігіштігі	Стандартты көлік құралдарының бағасының сомасынан қалдық не конверсияның стандартты құны	Субсидия сомасы
Табиги газбен жүретін көліктер	4 тоннадан төмен	800,000 йен	200,000 йен
Табиги газбен жүретін көліктер	4 тоннадан жоғары	3,000,000 йен	250,000 йен
Гибридті көліктер	4 тоннадан төмен	770,000 йен	192,000 йен
Гибридті көліктер	4 тоннадан жоғары	2,680,000 йен	250,000 йен

Дереккөз: <https://www.city.kyoto.lg.jp/>

элемент (FC) негізіндегі автобустар мен жүктөрігіштерді енгізуі қарастыру секілді шаралар қолға алынады.

16. Арнайы белгіленген кәсіпкерлер үшін белгілі 1%-дан асатын мөлшерде міндеттеме енгізу арқылы экокөлікке ауысады үдету.

Ережеге сәйкес, арнайы белгіленген кәсіпкерлерге қатысты кәсіптері үшін көлік сатып алу кезінде белгілі бір пайыздан асатын мөлшерін экокөлік болуы тиіс деген міндеттеме қою жүйесі арқылы экокөліктердің енуі жеделдештіледі.

17. Автокөліктерді сатушы кәсіпкерлер үшін экокөліктердің нақты сатылған саны жөнінде есеп беруі арқылы экокөліктердің сатылуын үдету қолға алынбақ [6].

Осылайша 2017 жылғы Киото қаласының әрекеттер жоспарында көрсетілген көлік және тасымал секторындағы саяси шаралар толық ұсынылды. Зерттеу барысында одан да бөлек бірнеше саяси шаралар анықталды. Олар:

Ескерту: тенгедегі баламасын берілген курс бойынша есептеуге болады, 1\$ = ₸3,43 (01.04.2019 ж.)

- Қоршаған ортаға зияны төмен автобустарды қолдану. Киотоның автобустары екі түрлі болып келеді: гибридті және *idling stop*. *Idling stop* жүйесі бойынша – көлік тоқтағанда, мотор өshedі, ал қозғалғанда, автоматты түрде қосылады. Оның тиімділігі – кептелісте не бағдаршамның қызыл түсінде тоқтап түрғанда, қоршаған ортаға зиянды газдарды бөлмейді және шу тудырмайды.

Киото қаласының автобустары қала ішіндегі тасымалдың 80%-ын қамтиды. 2018 жылғы 17 наурыздағы жағдай бойынша Көлік бюросында 818 көлік тіркелген. Оның 789-ы Non-step, 29-ы One step болып табылады. Non-step және one step дегеніміз автобусқа отырада автобус табалдырығы жер бетінен қаншалықты жоғары орналасқанын көрсетеді, осылайша кез келген санаттағы

адамның отыруына ыңғайлышып жасалған. Ал қоршаған ортаға зияндығы жайлы сөз қозғар болсақ, 809-дың барлығының зияны аз және жанармайды үнемдейтін болып табылады. Соған қоса барлығы idling stop жүйесімен жабдықталған, оның ішіндегі 59-ы гибридті болып табылады [9].

-Каршерингті<sup>3</sup> кеңінентарату, яғни бірнеше адам топтасып, көлікті бірлесіп тұтыну арқылы көліктер санын және автомобилдің жүріп өтетін жолын азайтуды көздейді [6].

- Қалалық қоғам көліктердегі «Kyoto free pass» жол жүру билеті арқылы қоғамдық көліктерді қолданудың қолайлылығын арттыру қарастырылған. Көрсетілген билеттен бөлек оннан астам түрі бар. Оның ішінде, ең ерекшесі, әрі қолайлысы – маусымдық билеттер. Себебі олар сабак пен жұмысқа бару кезінде қолданылып қана қоймай, сенбі, жексенбі және мейрам күндері бір шаңырақ астында тұратын отбасы мүшелерімен бірге автобусқа отырған жағдайда, ересек отбасы мүшесіне 100 йен, ал балаларға 50 йен төлейді. Бұл – экологиялық маусымдық билет жүйесі (жап.環境定期券制度, оқылуы: kankyo: teikiken seido) деп аталады және 1999 жылдың 3 сәуірінде іске қосылған. Осындаи шаралар арқылы қоғамдық көлікке ауысады барынша ынталандыруда.


Төмендегі диаграммадан (Сурет 3) 2010 ж. мен 2015 ж. көлік құралдарының пайыздықүлесі қаншалықты өзгергенін аңғаруға болады:

Жоғарғы диаграммадан көріп отырғанымыздай, 5 жылдың ішінде жеке меншік көліктердің үлесі азайып, қоғамдық көліктер мен велосипедтер саны артып келеді. Қызыл сарымен көрсетілген нұсқасы Кейханшин қалаларында жүргізілген жеке адамдар сапарының зерттеуі (жап.京阪神都市パーソントリップ調査, оқылуы: Keihanshin toshiken pa:son torippu cho:sa) болып табылады, мұндағы Кейханшин қалалары деңгеміз Киото, Осака және Кобе қалалары. Кейханшин қалаларындағы зерттеу әрбір он жыл сайын жүргізілетіндіктен, 2015 жылғы Киото қаласының жеке зерттеуінің нәтижесі салыстыру үшін берілген.

Одан бөлек, үкімет тарапынан эко-модель қалалардың жұмысын тексеріп, бағалау мақсатында құрылған жұмыс тобының берген бағасына сүйенсек, Киото эко-модель қаласы бес жыл бойы қатарынан 23 эко-модель қалаларының ішінде ең үздік болып келді (Кесте 7) [10].

**Қорытынды және тұжырымдама.** 2017 жылы жүргізілген саяси шараларды бағалау жұмысының нәтижесінде жоғарыда көрсетіл-

Сурет 3. Көлік құралдарының үлестік өзгерісі



Дереккөз: <https://www.city.kyoto.lg.jp/>

<sup>3</sup> Ағылшын тіліндегі Car sharing сөзінен шыққан, «көлікті топтық қолдану» не «көлікті қысқа мерзімге жалдау» деген мағынаны береді.

### Кесте 7. Эко-модель қалалардың жүргізген саясатына берілген баға

	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл					
I	23 балл	Киото Шимокава (Хоккайдо) Йокохама Тойота (Айчи) Китакюшо	24 б.	Киото Китакюшо б.	Киото Йокохама б. Китакюшо	24 б.	Киото Китакюшо	24 б.	Киото Китакюшо	
II	22 балл	Юсухара (Такачи)	23 б.	Йокохама б.	Юсухара б.	23 б.	Нисеко (Хоккайдо) Йокохама Тояма Сакай Юсухара	23 б.	Нисеко Йокохама Тояма Сакай Юсухара	
III	21 балл	Тояма Минамата (Кумамото) Миякоджима (Окинава)	22 б.	Шимокава Обихиро (Хоккайдо) Тояма	22 б.	Тояма Амагасаки (Хёго)	22 б.	Шимогава Чиёда ауд. (Токио) Огуни (Кумамото)	22 б.	Чиёда ауд. Огуни

Дереккөз: <https://www.city.kyoto.lg.jp/>, Official site

ген және өзге де шаралардың арқасында көлік және логистика секторында Киото эко-модель қаласында 2016 жылғы CO<sub>2</sub>-нің көрсеткіші 2015 жылғы көрсеткішпен салыстырылғанда 13000 тоннаға азайған. Жапон үкіметі эко-модель қалалардың жүргізіп жатқан жұмыстары мен орындан жатқан бастамаларын қадағалап, баға беру мақсатында құрған жұмыс тобының бағалауының арқасында, Киотоның 23 эко-модель қалаларының ішінде бес жыл бойы үздік болып келгені анықталды. Жоғарыда берілген кестелердегі көрсеткіштерден Киото қаласының көлік және логистика саласындағы біршама шаралары жағымды нәтиже беріп жатқанын байқаймыз. Киото қаласының эко-саясатын жүргізгенде тек саяси тұлғалары, кәсіпкерлер мен тұрғындары-

на ғана арқа сүйеп қоймай, қала қонақтары мен туристерге де ерекше көніл бөледі. Басқа сөзбен айтқанда, Киото қаласына қатысты әрбір адамның өз рөлі мен міндеті бар. Осының бәрі жоғарыда аталған құжаттарда нақты белгіленген.

Женіл көліктерді орынды қолдануды насыхаттайтын, 2011-2020 жылдарға арналған «Киото қаласының автокөліктік-экологиялық шаралар жоспарына» сәйкес, 2000 жылғы 28%-дық көрсеткіштен 2020жылы 20%-дан төмен көрсеткішке жетуді көзделеп отыр [11]. Жоғарыда берілген кестеден (Кесте 5) көріп отырғанымыздай, он динамикалық өзгеріс байқалады. Яғни, қолданылып жатқан шаралар он нәтиже беріп жатқандықтан, олардың тиімді екенін мойындалады.

### Әдебиеттер тізімі

1. 環境モデル都市の「要」// Kankyou moderu toshino gaiyou//首相官邸ホムペ「ジ.[Электрондық ресурс]-2011.- URL: [https://www.kantei.go.jp/jp/singi/tiiki/kankyo/pdf/model\\_gaiyo.pdf](https://www.kantei.go.jp/jp/singi/tiiki/kankyo/pdf/model_gaiyo.pdf). (Accessed: 04.02.2020)
2. The Eco-Model City Project and Future Directions by Regional Revitalization Bureau, Cabinet Secretariat, Government of Japan. Website of Institute for Global Environmental Strategies. [Электрондық ресурс]-2011.- URL:[https://archive.iges.or.jp/en/archive/kuc/pdf/activity20110727/4-1\\_Japan.pdf](https://archive.iges.or.jp/en/archive/kuc/pdf/activity20110727/4-1_Japan.pdf). (Accessed 10.08.2019)

3. «FutureCity» Initiative. Japan for Sustainability. [Электрондық ресурс]. URL: [https://www.japanfs.org/en/projects/future\\_city/index.html](https://www.japanfs.org/en/projects/future_city/index.html) (Accessed 09.02.2020)
4. 京都市環境モデル都市提案書（式1）[Электрондық ресурс]– 2008. – URL:<https://www.city.kyoto.lg.jp/kankyo/cmsfiles/contents/0000056/56642/Proposal.pdf> (Accessed 18.10.2019)
5. 京都市環境モデル都市行動計」(第2期) 2017年3月改定、京都市環境政策局地球・暖化・策室// Kyotoshi kankyou moderu toshi koudou keikaku (dai2ki), 2017nen 3gatsu kaitei, Kyotoshi kankyou seisakukyoku chikyuu ondanka taisakusitsu.[Электрондық ресурс]– 2017. – URL:[https://www.city.kyoto.lg.jp/kankyo/cmsfiles/contents/0000056/56642/2ndplan\(re\).pdf](https://www.city.kyoto.lg.jp/kankyo/cmsfiles/contents/0000056/56642/2ndplan(re).pdf) (Accessed 15.12.2019)
6. 京都市環境モデル都市行動計」(第2期) 2014年3月策定、京都市環境政策局地球・暖化・策室// Kyotoshi kankyou moderu toshi koudou keikaku (dai2ki), 2014nen 3gatsu sakutei, Kyotoshi kankyou seisakukyoku chikyuu ondanka taisakusitsu.[Электрондық ресурс] – 2014. – URL:<https://www.city.kyoto.lg.jp/kankyo/cmsfiles/contents/0000056/56642/plan2.pdf> (Accessed 04.11.2019)
7. Киото қаласының ресми интернет-ресурсы. [Электрондық ресурс] – 2011. – URL: [https://www.city.kyoto.lg.jp/kankyo/cmsfiles/contents/0000000/328/plan\(en\).pdf](https://www.city.kyoto.lg.jp/kankyo/cmsfiles/contents/0000000/328/plan(en).pdf) (Accessed 31.03.2020)
8. Киото қаласының ресми интернет-ресурсы.[Электрондық ресурс]-2019. – URL:<https://www.city.kyoto.lg.jp/kankyo/page/0000250115.html> (Accessed 04.03.2020)
9. Киото қаласының ресми интернет-ресурсы.[Электрондық ресурс]-2013. – URL:<https://www.city.kyoto.lg.jp/kotsu/page/0000019769.html>(Accessed 20.01.2020)
10. Киото қаласының ресми интернет-ресурсы. [Электрондық ресурс]-2019. – URL:<https://www.city.kyoto.lg.jp/kankyo/page/0000251275.html>(Accessed 19.03.2020)
11. クルマのかしこい利用を進める京都市自動車環境・策計 (2011 ~ 2020).[Электрондық ресурс]- 2011. – URL: <https://www.city.kyoto.lg.jp/kankyo/cmsfiles/contents/0000119/119453/whole.pdf>(Accessed 04.03.2020)

## References

1. Outline of Eco-model cities. Official site of Prime Minister's office of Japan. [Electronic resource]. 2011. Available at: [https://www.kantei.go.jp/jp/singi/tiiki/kankyo/pdf/model\\_gaiyo.pdf](https://www.kantei.go.jp/jp/singi/tiiki/kankyo/pdf/model_gaiyo.pdf). (Accessed: 04.02.2020)
2. The Eco-Model City Project and Future Directions by Regional Revitalization Bureau, Cabinet Secretariat, Government of Japan.Official website of Institute for Global Environmental Strategies. [Electronic resource]. 2011. Available at: [https://archive.iges.or.jp/en/archive/kuc/pdf/activity20110727/4-1\\_Japan.pdf](https://archive.iges.or.jp/en/archive/kuc/pdf/activity20110727/4-1_Japan.pdf) (Accessed: 10.08.2019)
3. «FutureCity» Initiative. Japan for Sustainability. [Electronic resource]. Available at: [https://www.japanfs.org/en/projects/future\\_city/index.html](https://www.japanfs.org/en/projects/future_city/index.html) (Accessed: 09.02.2020)
4. Eco-model city Proposal of Kyoto City (Form 1). [Electronic resource]. 2008. Available at: <https://www.city.kyoto.lg.jp/kankyo/cmsfiles/contents/0000056/56642/Proposal.pdf> (Accessed: 18.10.2019)
5. Kyoto eco-model city action plan (2nd term), revised in March, 2017 by Kyoto City Environmental Policy Bureau Global Warming Countermeasures Office, 78 pp.[Electronic resource]. 2017. Available at: [https://www.city.kyoto.lg.jp/kankyo/cmsfiles/contents/0000056/56642/2ndplan\(re\).pdf](https://www.city.kyoto.lg.jp/kankyo/cmsfiles/contents/0000056/56642/2ndplan(re).pdf) (Accessed: 15.12.2019)
6. Kyoto eco-model city action plan (2nd term), revised in March, 2014 by Kyoto City Environmental Policy Bureau Global Warming Countermeasures Office, 90 pp.[Electronic resource]. 2014. Available at: <https://www.city.kyoto.lg.jp/kankyo/cmsfiles/contents/0000056/56642/plan2.pdf> (Accessed: 04.11.2019)
7. Kyoto city official website.[Electronic resource]. 2011. URL: [https://www.city.kyoto.lg.jp/kankyo/cmsfiles/contents/0000000/328/plan\(en\).pdf](https://www.city.kyoto.lg.jp/kankyo/cmsfiles/contents/0000000/328/plan(en).pdf) (Accessed: 31.03.2020)
8. Kyoto city official website.[Electronic resource]. 2019. Available at: <https://www.city.kyoto.lg.jp/kankyo/page/0000250115.html> (Accessed: 04.03.2020)
9. Kyoto city official website.[Electronic resource]. 2013. Available at: <https://www.city.kyoto.lg.jp/kotsu/page/0000019769.html>(Accessed: 20.01.2020)
